

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

С. Баязитов

Мәшһүртану өрісі

Оқу құралы

Павлодар

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мәшһүртану ғылыми – практикалық орталығы

С. Баязитов

МӘШҺҮРТАНУ ӨРІСІ

Оқу құралы

Павлодар
Кереку
2009

УДК 809.434.2
ББК 84(5 каз)5
Б31

**С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
Ғылыми кеңесі басуға ұсынды**

Пікірсарапшылар:

А.Қ. Тұрышев - С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының директоры;

Е.Н. Тілегенов - Облыстық «Шанырақ» халық шығармашылығы мен мәдени –сауық қызметі орталығының директоры, ҚР мәдениет қайраткері.

Баязитов С

Б31 Мәшһүртану өрісі : оқу құралы – Павлодар: Кереку, 2009. – 60 б.

ISBN 9965-573-26-3

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Сүлеймен Баязитовтың «Мәшһүртану өрісі » атты жинағына жазушының Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларын талдаған танымдық материалдары енгізіліп отыр. Кітап мектеп оқушыларына, студенттерге, ізденушілерге, қалың оқырманға арналған.

ISBN 9965-573-26-3

УДК 809.434.2
ББК 84(5 каз)5

© Баязитов С., 2009
© С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2009

Алғы сөз

Көре алмай жарық сәуле таңды көзім,
Қартайдым қараңғылық тұманда өзім.
Откен күн жасаған жас-бәрі аман бол!
Артымда бес-алты ауыз қалсын сөзім.

Бұл қараңғылық тұманында өмір кешіп, басында тұрған күдікпен жақсылығын сезбей, білмей, көрмей күн кешіп жатқан ынтымақсыз, алауыз болғандықтан малы түтіл басына иелігі шамалы қалқының мүшкіл халін күйіне, күйзеле жыр өрнегіне түсірген Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жыр жауқарының бір үзінгі ұрпағына қалдырған асыл мұрасы.

Тек оның сол мұрасын кезінде танып, білгендер жоқтың қасы еді. Білгендері Мәшһүр бабамыздың осындай жырлары бар еді деп айналдасындағыларға айтып беруден шыбын жанынан қорқатын. Сөйтіп, кенестік сұңғыла саясаткерлер ақынның өршіл өлеңдерін көзбен ғана етін, едін есінен шығаруға тырысқан. Солай болды да. Ақын, пәлсафаны, тарихшы, ауыз әдебиетінің нұсқаларын жинаушы Мәшһүр Жүсіптің еңбектеріне жарты ғасырға жуық қолаңға түсірді. Тек... жаратушы жаббар хақ жар болып, ерекше қасиет иесі атанған әулие Мәшһүр Жүсіптің атының ел арасында аңыз болып тарауына саясаттың қанды шеңгелінің де шамасы келмеді. Мәшһүр Жүсіп кесенесіне бағыт алған жұрт аяғы басылмады. Ал оның кесенесін бұзу арқылы кенестік идеологияның басында отырғандар кемел ойдан ада кеңкелестігін танытқан еді, оған деген жұрт ықыласы еселен арта түсті. Ондаған, жүздеген адамдар кезбе суретке түсірушілерге Мәшһүр Жүсіп фото суретіне тапсырыс бере бастады. Бұған күшібаған жан жоқ еді.

«Бір жұмақтың бір тозағы бар» демекші Мәшһүр бабаның суретіне тапсырыс берушілердің бәрі бірдей оның кім екенінен хабардар еді десек қателесер едік. Осы орайда мына бір жәй ойға оралады. Жәкенің Омірзақ Мәшекенді қадыр тұтушылардың бірі еді. Мәшһүр Жүсіптің суретін қабырғаға көрнекті жерге ілдіртпін қояды. Мұны көрген көршілердің бірі «Бұл ақсақал әкең бе» деп сұрады. Ал Омірзақ болса бұл Мәшһүр Жүсіп дейді. Анау кім? –деп сұрап қоймапты.

Омірзақ марқұм осы жайды жиі еске алып жалғыз ол емес. Осы ауылдың біразы Мәшекеннің суретін менің әкемнің суреті деп жүріпті дейтін. Біреулерге күлкілі көрінер осы жайды естігенде біздің ұлтымыздың мақтанышы Мәшһүр Жүсіпті танып білуіміздің күні

көшеге дейін қаншалықты мүшкіл халде болғанын аңғару қиын емес. Жылдар бойы Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы төңірегінде қалыптасқан сіреу мұздың жібуіне бірден еліміздің тәуелсіздік алуы, екіншіден ел басының бастамасы мен мәдени мұра бағдарламасының жүзеге аса бастауы игілікті ықпал етті. С. Торайғыров атындағы ПМУ – бұл бағытта қыруар іс тындырды. Жинаққа енген мәтінде атқарылған істер туралы сөз болатындықтан оған бұл арада тоқталып жатпадық. Айтарымыз Мәшһүртану үрдісі жылдан-жылға кең қанат жайып келеді. Облыста ғана емес республикада Мәшһүртанушы ғалымдар мен ізденушілер қатары арта түсеуде том-том монографиялар, зерттеулер, мақалалар жарық көруде. Бұлда болса ақышың:

Өнерге, ғылым, білім болсаң жерік. Берілер ақыр бір күн басыңа ерік – деген көрегендік оң тұжырымының нақтылы жүзеге асқандығының белгісі емес пе?!

1 Ұлысын ұлықтаған ел жүрегі

1.1 Бірер сөз

Көзінің тірісінде- ақ аты алты алашқа аңыз болып тараған Сарыарқаның саңлақ ақыны, тарихшысы, ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалары сонау тоқырау жылдарының өзінде әр жылдарда там – тұмдап болсын («Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды») жарық көрсе, оның елден ерек дара қасиеті, әулиелігін кеңінен толғаған кесек дүние түгіл ауызекі айтылатын аңыз әңгімелердің арқауына айналуға калып, ұмтылып бара жатқандай еді. Оған 1952 жылы Мәшекеңнің бейіті құлатылып, сол кездегі партиялық идеологияның ақының аруағын қорлап, былайғы жұрттың үрейін ұшыруға негізделген солақай саясаттың салқыны ерекше әсер еткені сөзсіз.

Бір ғажабы идеологтар қаншама тырысып, талаптанса да Мәшекеңді халық санасынан жоя алмады. Оның рухы жылдар өткен сайын асқақтап, аспандай берді.

Тек «Өмір бар жерде өлім бар» дегендей, кезінде Мәшекеңмен дәмдес, гүздас болған, оның дара қасиетін көзімен көріп, көңіліне тоқығандардың қатары сирей берді. Көбінің жадында жатталған небір сырлары өздерімен бірге кеткен болар, кім білсін.

Өйтсе де, Мәшекеңнің көмескіленіп бара жатқан ізін қайтадан жаңғыртуға талаптанғандар да аз болған жоқ. Олар жайлы зерделеп, зерттеп, сөз қорғау келешектің ісі.

Сөзардың бірі ақынның немересі Сүйіндік Көпеев 1932 жылы туған еді. Ол ауыл механизаторы, трактор бригадасының бригадирі бола жүріп газет-журналдарға штагтан тыс тілші ретінде атсалысумен келді.

Сонымен қатар ұрпақ парызын өзінше түсініп, бағалаған ол ұлы адамның өмір кезеңдеріне, дара қасиетіне байланысты айтылатын ел аузындағы там-тұм әңгімелерді шама-шарқы келгенше қағаз бетіне түсіре берген екен.

Қайта құру, жариялылық рухымен қанаттанған ол соның кейбірін облыстық «Сарыарқа самалы» газетіне жариялатып та жүрді.

Өткен жылы осы «Сарыарқа» журналының бесінші саны С. Торайғыровтың туғанына 100 жыл толуына орай Баянауыл ауданына арналды. Онда Сұлтанмахмұт, Қаныш, Шәкен, Зейін тағы да басқа ағарту алаңшыл арыстары, ісі қазақтың біртуар азаматтары мен Ғабит Мүсірепов, Евней Букетов сынды ұлы тұлғалар жайлы естеліктер беріліп, ағзды-көңгі сыр шертілді. Журналдың сол санында Мәшһүр Жүсіп Көпеев әулие туралы ештеңе жоқ еді. Біз ол жайлы материалды Сүйіндіктен күткен едік. Кейін анықтап білгеніміздей оған жіберген хабарымыз дер кезінде жетпеген. Ал қайта хабарласуға, тосаға журналдың уақыты көтермеді. Қап, деп өкінгеннен басқа шара болмаған.

«Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демекші, С. Торайғыровтың жүз жылдық мерейтойына Ақмола делегациясының құрамында келген белгілі жазушы, ақын, халқының өткенін зерделей зерттеуші, жокшысы, бұл күнде мыңдаған оқырмандардың сүйікті басылымына айналған «Сарыарқа» журналының бас редакторы Нұрқожа Оразов ағамыз Мәшһүр Жүсіп әулиенің өзі атындағы шаруанылықтағы Ескеді елді мекеніндегі мазарына арнайы барып, тәуел қылды. Сол жолы қаламдас бауырым Тілеубек Ғалымұлы екеуімізге журналға Мәшекең жайлы материал ұйымдастырып жіберу жөнінде арнайы тапсырма берді. Біз ол кісіге уәде берген едік.

Содан... Уәде беру оңай, оны орындау соншалықты қиын боларын кім білген. Тағы да сарыла Сүйіндік ағадан, бейіт басында бірге болған бұл да ақынның немересі/Қажыманнап хабар күттік. Күн өткен сайын сол хабардың болатынына деген үмітіміз азая берді. Сондай күндердің бірінде есіме Мәшекең ағайын, аудандағы белгілі азаматтардың бірі, аудандық салық инспекциясының бастығы Балға Шайхин аға түсе кеткені. Бәкеңе жолығып, жағдайды айттым. Айтып айтпай не керек, апталар бойы тостырған материал Бәкенің араласуымен айналасы бір-екі күнде қолға тиді.

Бәкеңе шын жүректен Мәшекең үшін атқарған ізгілікті ісіңізге рахмет. Сізге бабаңыздың аруағы жар болсын дей отырып, Мәшекең жайлы Сүйіндік жазған «Осындай әңгімелер бар» атты дүниені «Сарыарқа» журналына үлкен үмітпен толқу үстінде ұсындық.

1.2 Шар тәуекел еткен екен

Мәшһүр Жүсіп Көпеев атындағы кеншар жиырмасыншы ғасырдың екінші жарты жылдығында еңсе, көтеріп, іргелі ел қатарына қосылған. 1961 жылы сол кездегі «Шадыра» совхозынан бөлініп, жеке совхоз болып шаңырақ көтерген.

Ол кезде бұл елді мекен «Жаңажол» совхозы аталатын. Аудандағы орта шаруашылықтардың бірі еді. Откен отыз екі, отыз үш жылда сол қалпынан бір тапқан емес. Рас, сонау бір жылдарда Мұрат Дүйсенбайұлы Рахметов директор болған тұста әр сала бойынша арты аудан, алды облыс көлемінде жеңімпаз деп танылып, ауыспалы Қызыл туларды жеңіп алған тұстары да болған. Тек мұндай жұлдызды сәттері ұзаққа бармаған. Шаруашылықтың ірге тасы берік болғанымен шаруасы шалқыған ел еді деп айта қою қиын.

Бір сөзбен, оза шауып бәйге алмаса да ұлан бәйгеде шаңға көміліп, тіпті артта қалған жайы және жоқ еді. Ел қатарлы тірлік кешіп жататын. Тек алыштарды алқыңдырып, онсыз да өлместің күйін кешіп келе жатқан Одақтағы көптеген кәсіпорындар мен шаруашылықтардың шаңырағын шикай, төрт аяғын аспаннан келтіре келген қайта құру кезеңінің тепкіні қабырғасын қақыратып-ақ жіберген. Бұл ауыртпалықты қырда жатқан аядай Мәшһүр Жүсіп атындағы кеншар ғана емес, одақтағы небір шаруасы шалқып отырған кәсіпорындар мен шаруашылықтар да айқын сезінген. Көбісі-ақ тұралап тынған. Шаруадан береке кете бастағаннан кейін елдің де экономикалық жағдайы тығырыққа тірелгендей еді.

«Бір жұмақтың бір дозағы бар» дегендей, нарықтық қатынас кезеңінде ел ішіндегі байланыстың үзіліп, есеп айырысу жүйесі жүрісінен жаңылған жорғадай кібірткітеп, баға шарықтап, ақша құнсызданып, жекелеген адамдардың да қалтасын қаға келген қатқыл қабақты нарық заманы одақты мекендеген ұлттар мен ұлыстардың егемендігі мен тәуелсіздігіне жол ашқандай еді. Ал мұның өзі соңғы жетпіс жылдан астамғы кеңестік дәуір кезеңінде тілі мен дінінен, ата дәстүр, салт-санасынан ада болуға айналып ұлттық сезіміне селкеу түсіп, намысы аяусыз тапталған қазақ халқы үшін жаратушы жаббар хақтың асқан мейірімділікпен

жарыялауымен пара-пар еді. Ақтүйенің қарны жарылып, тауықтай іміздің негізгі тірегі

Ата Заһымыз қабылданып, көсегені көгертер көк байрағымыз көкке шапшыла желбіреп, тірі жегімінің күнін кешіп, шет қақпай қалған тіліміз мәртебелі мінбелерден бұлақ суындай сылдырай тоғғып, хан Абылай, қанжығалы Бөгенбай, қаракерей Қабанбай, Малайсары Олжабай, өз Жәнібек тағы да басқа ел қорғаны батырларымыз, қаз дауысты Қазыбек, Төле би, Әйтеке би, Абылайдың ақалшысы көмекей әулие Бұқар жыраулар гасырлар қойнауынан «тіл қатып», рухтары туган халқымен сағыныша қауышқан. Сол бір тарихи кезең, сол бір ұлы кезеңдер халық санасын етнен қана қоймай, ұлттық намыс отын үрлей түскен шақ еді.

Халықтың өшкенін жандырып, өлгенін тірілту үрдісі Баян жерінде де өзінің сәтті жалғасын тапқан. Сөйтін, 1993 жылдың 20-қазанында Мәшекеңнің есімімен аталатын кеңшарда ақын, тарихшы, көрінкел әулие Мәшһүр Жүсіп Көпсегіздің осы заманға, сәулет өнерінің талантарына сай салынған мұражайы айқара есік ашқан. Сол күні Арқа төсінде жер-дүниенің қарашаның қара суығы балтыратын тұрғандай еді. Соған қарамастан Мәшекеңнің мұражайының ашылу есептанатына келген адамдардан көз тұнады. Аулаңдағы оң бір шаруашылықтан аудан орталығынан келгендерді былай қойғанда Семей, көршілес Екібастұз қалаларынан да қонақтар баршылық еді.

Міне, біз әулиеге арналып салынған мұражайдың ішіне кіріп келеміз. Мұнда қойылған экспонаттар ақынның өмірінен мол хабар беретіндей. Қарсы алдымызда ақ қағазға бір қимелеп келген ойды жаза қоюға құлшына кіріскен Мәшекеңнің бюсті тұр. Оны көргенде ақ жаулықты аналардың бірі:

- Жарықтық ай, деп көзіне жас алған. Сол сәт жұрттың көшілігі көп ормалдарып жанарларына қарай жақындатып жатқаны байқалып-ақ қалған. Иә, бұл талай жылдар апсай күткен асылының, ардағының туган еліне арнаған өлшеусіз еңбегінің ендігі жерде халық игілігіне айналатын шүбәсіз сенген Мәшекеңнің ұрпақтарының сарғайған сағыныштан шыққан көз жасы, қуаныш көз жасы екендігі сөзсіз еді. Ал кейбір ақсақалдар алла өзін кешіре гөр десіп, күбірлесіп қояды. Бәлкім, олардың тарихтың, Мәшекеңнің алдында ешбір кінәлары болмаса да сонау бір сойқанды жылдарда өткен өкінішті іс үшін аядан, қала берді Мәшекеңнің аруағынан кешірім сұрағандықтары бөлар.

Экспонаттарды асықпай аралап жүрген адамдардың арасынан Мұрат Дүйсенбайұлы Рахметовты көзім шалды. Сол әт жаңа ғана

Мәшекеңнің мұражайының ашылуына байланысты баяндама жасаған ақынның немересі, ғалым, жазушы Қуандық Пазылұлы Мәшһүр еңбегін зерттеп, әр жылдарда пікір айтқан. М. Әуезов, С. Мұқанов, Д. Әбілев, Ә. Қоңыратбаев, М. Бежеев, С. Дәуітовтермен қатар Мәшекеңнің бейітін қалпына келтіріп мұражайын ұйымдастыруды қолға алған адамдардың есімін мақтанышпен айта келіп, Мұрат Дүйсенбайұлына азаматтық ақ алғысын арнағаны есіме оралған. Расында да, Мұрат ағаның және басқаларының сол жылдарда. Мәшекең үшін атқарған еңбегі ерлікпен пара - пар екен-ау деген ойға бекінген мен осыдан бір жыл бір ай өткен соң осы әңгімеге қайтып оралып, Мұрат Дүйсенбайұлын іздеп баратынымды білген жоқ едім.

- Иә, деп аз іркілің, ойға берілген ол әлдеп соң бұл 1976 жылы еді. «Жаңажол» совхозына директор болып тағайындалдым. Сол жылы ақынның келіні, кеңес Одағының Батыры сол кездегі халық депутаттары облыстық Кеңесінің төрағасы Махмет Қайырбаевқа арнайы барып жолығып, Мәшекеңнің бейітін көтеріп, қалпына келтіруге рұқсат алып келіпті. Мақанның көмегімен Екібастұз халық депутаттары қалалық Кеңесінің атқару комитеті іске араласып, құрылыс материалдарын әкеліп төге бастаған шағы екен. Нұрила апай маған осы жайларды баяндап, құрылыс материалдарының әлі де жетіспейтіндігін, құрылысшылардың қажет екендігін айтты. Қандай көмегің бар деуді де ұмытпады. Сұрастыра келсем Нұрила апай Ескелдідегі Мәшекең бейітінің басына жеңіл - желіні көшіп те алған екен.

- Көмектесеміз ана, қолдан келген көмекті аямаймыз деп жатырмын. Айтқанды орындау азаматқа сын, қолдан келген көмекті аяғанымыз жоқ. 1977 жылы бейіт құрылысы аяқталды. Сол күні бейіт басына жиналған халықтың қуанышын көрсенің ғой.

Осы сәтте сол жылдарда әлде бір игілікті іс жайлы сөз бола қалса ел басшыларының ертең әлдекім жоғары жаққа жазып жіберсе мен жауап беремін, жұрттың несі кетеді деп шыр-шыры шығатыны есіме түсе кеткені.

- Мұрат Дүйсенбайұлы. Құрылыс материалдарының, әсіресе адам күшінің сол жылдар да жұртылып айырылмағаны белгілі. Ауыл тұрғындарының бірінің қорасы құлап, бірінің үйінің төбесінен тамшы ағып, шаруашылық басшыларынан материал сұрап, ол табыла қалған жағдайда жолдеуші құрылысшылар тауып беруін талап етіп кеңсе табалдырығын тоздырып жүргенін көзбен көрген едік. Кейде мұның өзі жоғарыда жазылар арызнағымға да негіз болып жататын. Ақынның бейітін көтерген кезде өзіңіздің үстіңізден

Әлдекімдер жоғары жаққа жүйрік қаламын жорғалатып жіберген емес пе?

Ол не дегенін. Ауылдың еңбектеген баласынан еңкейген қартына дейін Мәшекенің бейітінің ойдағыдай бітуіне тілектес болды десем артық айтқандық болмас. Бір де бірі бейітті неге көтерін жатырыңыздар деп сөз қозғаған емес. Қайта қаржы қажет болса кімектесейік дегендер аз болған жоқ.

Тіпті, мұражай салу керек дегенді де сол ауыл адамдары ауылға алашап алашап еді. Солардың бірі қазақ өнерінің белгілі тұлғалары Қуат, Суаттың әкесі Әуезбек Әбусейітов ақсақал Мәшекенің немересі Төлеубайдың болашақ мұражайға деп арнап алатын біраз экспонаттары бар, соны пайдаланып, Мәшекенің мұражайын ашу қажет, істің бір қолға алынуы ғой, ар жағы оңғарыла берсе деп ауыл тұрғындарының атынан тілек білдірген еді.

Мен Төлеубай ақсақалдың үйінде жинақталған экспонаттармен таныстым. Онда киіз үйдің, арбаның, бесіктің алтыбаканың, көпшіні мекеттері бар екен. Осы заттардың, тағы да басқа заттардың маңызын Төлеубайдың өзі қолдан жасаған көрінеді. Мен ол кісілерден Мәшекенің киім кешегі, пайдаланған заттары бар ма, деп сұрадым. Бар десті олар. Көзәйнегің, киім – кешегің тағы да басқа заттарың, шай самаурының көрсете отырып мұнымен қатар деді олар тағы да ел ішінде тараған Мәшекенің заттары баршылық. Ғидестіреміз, жинастырамыз десті. Көп ұзамай осындағы мектептің бір бөлмесін Мәшекенің мұражайына бөліп бердік. Салтанатты жылы өтті. Әуезбек салтанат үстінде Мәшекенен арнап өзі шығарған олеңін домбыраға қосылып айтып берді. Кезінде сері, әнші болған Әуекенің сол олеңін жаздыртып алу бірде – біріміздің қаперімізге «ірімешіне өкінемін. Сонымен қатар ол мұражайға күміс ертоқымын сыйлады. Ауылдың ақ жаулықты әжелері мен, ақсақалдары ән шаршап, би билеп кетті. Келер жылы ауыл ортасынан шаруашылық ісінмен екі қабатты клуб үйін саламыз, соның екінші қабатын Мәшекенің мұражайы ретінде пайдаланамыз деп жиналған халыққа уәде бердім.

Аудандық партия комитетіндегі кейбір жолдастарға ойымды сездірсем олар, өзің біл, әлдекім үстіннен арыз жазып жіберсе партиядан шықпасаң да сөгіс алатымың айдан анық дегенді аңғартты. Қатты толқып ойлануға тура келді. Өйткені, партиядан шықпасаң да сөгіс алудың өзі ол жылдарда алға басқан адымыңды артқа қарай шегіндірумен пара-пар еді. Өлденеден ауыл адамдарының мен уәде берген сәтте гүл-гүл жайнаған жүздері, Әуекенің әуезді әні құлағымға келгендей болды. Сонымен қатар «уәде құдай аты» дегенді

жастай санамызга сіңіріп өскен ауыл баласымыз ғой» так түссе таңдайға, бақ түссе маңдайға» дегендей нар тәуекел деген едік.

Әулие бабамыздың аруағы қолдады ма екен. Әйтеуір ешкім жоғарыға да, төменге де бұл жайлы «хабар» салуға асықпады. Мәдениет үйінің қабырғасы көтеріліп, ішкі өңдеу жұмыстары да аяқталды. Осы сәтте мен облыстық мәдениет басқармасының баetylғы Балтабай Сейсенбековке жолығып, мұражайды жабдықтауға қол ұшын беруді өтіндім. Көп ұзамай Павлодардағы өлкетану мұражайының қызметкерлері келіп, жұмысты қолға алды. Ал бұл кезде болашақ мұражайдың экспонаттарын біржарым жылдың ішінде Аманкелді Омаров жинастырып та үлгерген еді.

Қ. Сәтбаевтың 90 жылдығын тойлауға сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков келе қалды. Ол Мәшекеннің басына ат басын бұрып, бейітің мавзолей етіп салындар. Музей үйін жеке салындар, деп нұсқау беріп қаржы бөлдіртті. Соңғы мұражай кезінде сол кісінің нұсқауымен жоспарланған еді. Міне, оның халқына қызмет етіп тұрғанына да екінші жыл. Тағыда қандай сауалыңыз бар, - деді ол маған назарын тіктен.

- Бастаған істің сәтті аяқталуы әрқашанда қуаныш дей тұрсақ та сол қуаныш үстінде де адамның жан жүрегің толқытып, есінде мәңгілік қалатын ерекше сәттер де болады ғой. Сол жағына да аздап тоқталып өтсеңіз.

- Мәдениет үйіндегі мұражай ашылғанда Ақбәйбішенің Сүйіндіктің шешесі (Зейнеп) көзі тірі еді. Өзінің үстіндегі шапанын шешіп алып менің иығыма ілді. Сол сәтте айтары жоқ қатты толқыдым. Қарт ананың жан - дүниесінің дархандығына сүйсіндім деп үнеіз қалған ол әлден соң барып шапаның Ақбәйбішенің өзіне қайтып бердім. Қазірде Сүйіндіктің үйінде тұр, деген еді.

1.3 Жанашыр

- Сіз Мәшһүр Жүсіп Көпеевті білесіз бе? - Иә, дедім мен, ол кісі біздің жерлесіміз ғой. Бейіті қай жерде.

- «Жаңажол» совхозында.

- Жок, дәлірек атасаңызшы.

- Онысын өңша біле қоймадым.

- Менің біршама қысылып, қолдайсызданып қалғанымды аңғарған ол:

- Ол кісінің бейіті өзің айтқан «Жаңажол» совхозының Ескелді деген жерінде. Басында болмағанын көрініп-ақ тұр. Тек

шынамды айтып, қазірде сен қатарлылардың көбі атеистер ғой. Мәшекеге деген қозқарасың қалай.

Шынамды айтсам атеистігім шамалы. Алла мен аруақты аузынан тастамай келе жатқан жай бар, аға. Ал аруағыңнан айныпайын Мәшекеңді...

- Жә, жетер, шетің дұрыс екен. Біз ол кісінің діндерлығы өз алдына, ақын, философ, тарихшы ретінде де құрмет тұтып, қастерлеуіміз қажет көй. Иә, бізге сол кісінің бейітінің, мұражайының суреті керек еді.

Мынадан бері аяқ астынан басталып кеткені әңгіменің аяқтан айнара алмай, мына кісі менен Мәшекең жайлы тереңдей сұрай қалса масқарам шықпаса игі еді, деп мазасызданып, мәнім көтін отырған басым.

- Суреттері керек еді дейсіз бе, аманшылық болса көп көшіргімей қолыңызға тигіземін,- деп уәдені беріп-ақ қалғаным.

Әйтеуір өлдім - талдым дегенде оның да бұрайы келді-ау. Олай болғанның астында көшті жоқ адамға Баяннан Жанажолға фотограф алып барып сурет түсіртем деу екі талай нәрсе екен, оған көп ұзамай қолым жетті. Меңің автобуспен барып қайтайық деген ұсынысыма сурет түсіретіндер оның қолайлы бола қоймас, барсақ машинамен барғанымыз жөн ғой деген уәж айтқан. Сөйтін жүрген де Мойылдыда еңбек озаттарының елеті жалауын желбірете көтерген, сол мерекеде ұшыраса кеткен жанажолдық Егілбай Қоңырбаев аға амандықтан соң:

- Ал, бауырым мына тойдан ескерткіш болсын деп фотошаратын қолына алған.

- Аға, мені қайтесіз, мүмкіндігіңіз болса Мәшекеңнің бейітін, мұражайының суретін бірнешге дана қылып түсіріп беріңізші, деп жата жабыстым. Көп ұзамай Егілбай аға сұраған суреттерімді қолға алғанды.

Қарағандыдамын. Мен әкелген суреттерді көргенде философия ғылымының кандидаты, Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, кейінірек казак тілі әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болған Құлмағанбет Еспаев ағаның қуанғанын көрсеңіз ғой.

— Енді, — деді ол, — студенттерге Мәшекең жайлы азы-көпті сөз қозғағанда мына суреттерді көрнекі құрал ретінде пайдаланатын боламын. Сонан соң әлде не есіне түскендей.

- Ал ол кісінің мұражайын ұйымдастырған кім, - деп сұраған.

- Аманкөдді Омаров. Ауыл мұғалімі.

- Әріптесіміз екен ғой. Әй оған да оңай болған жоқ, шығар деген жайымен.

Оз басым қатты қадір тұтатын ағаның Аманкелдіні әрінтесім деуі, мені қатты қуантқан Баянға барғанда Мәшекеннің басына барып тәуін етіп, мұражайын араласам, туған - туыскандарымен, орен-жарандарымен жақын таныссам, сонан соң Аманкелдіге кездесіп, тыңнан тапқан деректері болса көрсем деген.

— Аға, — дедім мен — Аманкелді тек Мәшекеннің мұражайын ұйымдастырып қана қоймай сонымен қатар Сұлтанмахмұт Торайғыров ағамыздың да мұражайын ашып, Баян өңіріне келген қонақтардың көз мерейін қандырып, ақынның өздері біле бермейтін өмір деректерімен танысуға мүмкіндік туғызды.

— Бәрекедді, бұл өзі бір қолынан іс келетін, әдебиет десе ішкен асын жерге қоятын жігіт болды ғой деген Құлмағанбет аға ризашылық көңілмен.

Ол кісі құт - береке дарыған Баян топырағын әлденеше рет басты. Ақ көбігі аспанға атып буырқанып жататын Жасыбайдың жасыл жағалауында талай рет демалып та жатты. Тек өзін автостанция басынан әмәндә жаяу - жалпы қарсы алып тұратын, Жасыбайға апару үшін маршрутты автобусы тосымен болатын інісінің (өзі солай деуші еді) жігерін құм етіп, әлдекімдерден жеңіл машинасын сұратып, пенде қылғысы келмеді ме екен, әйтеуір жоғарыдағы тілегін қайталаған емес. Тек әлгі Аманкелді Омаров бұл жерден алыс тұра ма, деп сұрағаны есімде қалыпты. Ал бұл жылдарда, Аманкелді аға Ж. Шанин атындағы совхозда тұрып жататын еді. Хабар салсам қалай болады дегенімде,

— Қой қолайсыз болар, деген.

С. Торайғыровтың тойына өз тарапынан арнайы келген ағаны қуана қарсы алдым. Келер жылы Жасыбайға келіп дем алып, қайтыңыз, орайы келсе Мәшекеннің басына зират етерсіз дегенімде қатты қуанып.

- Мерзімін өзің хабарларың деген болатын еді. Сол сәт осы бір жаны жайсаң, қазақтың ұлы ғалымы, жазушысы Мұхтар Әуезов пен ірі ғалым Евней Букетов жайлы төгіле сыр шертетін (ол кісі олардың бірінің шәкірті, екіншінің қарамағында көп жыл қызмет істеген) жақсы ағаны бұл соңғы рет көруім екейін сезген жоқ едім.

Мәшекеннің 135 жылдық тойы Ескелдіде өтін жатты. Бір кезде айнада тұрған адамдарға басын әптек иізең, әдетінше әлдеқайда жылдам аяңдап бара жатқан Аманкелдіге көзім түсе кетті. Сол сәт оны Құлмағанбет ағаның әрінтесіміз екен ғой, мұндай халықтық мәнге ие, іске осындай жаңа жүрегімен берілген шынайы жанашырлар болмаса бола ма деген сөзі есіме оралған. Мынау жарық жалғанда Аманкелді атты мұғалімнің бар жоғына да бейхабар

Күнектің Омаровқа берген бағасына, ризашылығына әлдепені алып келе жатқандығы өзі қиын-ау. Өйткені қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күй болуға талпынған ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров, қазақ үшін жүрек майын шырағдан еткендердің бірі тұңғыш режиссер Жұмат Шанин, халқының інжу-маржан жырларын тарих тозаңының пращынан қатып аршып, талмай жинаған, сөйтіп ұрпағына өлшеусіз өлжі салған ақын, тарихшы Мәшһүр Көпеевтің сонау жиырмасыншы жылдары аяғал қыран. Сәкен Сейфуллин «Қазақ әдебиеті туралы айт» атты мақаласында өте-мөте керек болып отырған мағлұматтар Асан қайғы сөздері Бұқар жырау сөздері, Шортанбай сөздері, Мәшһүр Жүсіп сөздері, әсіресе хал-ахуалы деп іздеу салатын Мәшектің мұражайын ұйымдастыруды қолға алып, ұйтқы болу «жан жүретімен беріген шынайы жанашыр» екендігінің айтағы емес пе? Шынайы жанашыр болу ауыл мұғалімі Аманкелдіге оңайға түсті дебет пе?

Қатырғаны мұғалім түгіл мектеп директорларының өзін шарты немесе қабылдамай қоятын әртүрлі дәрежедегі кабинет иелері Аманкелдінің күніне жая қарсы ала қоюлары, Мәшекеге мұражай дәнәж өзіне «ірік, соған мынадай көмек керек дегеніне еліп ете түсулері екі талай-ау, тек ойға алған ісінің орайын келтірмей тынбайтын мақсаткерлігі, өжеттігі, тіпті асыра айтсақ ерлікке паралар табындылығы талай қатқыл қабақты кабинет иелерінің маңдайындағы сірескен мұзды, ызғарды жібітпін, таңдайындағы жокты бірмен алмастырды ма екен, кім білсін, әйтеуір Аманкелдінің солардың көпшілігінің алдынан күрқол қайтпауы ақиқат. Бәлкім, бұған өз өмірбақи аузынан тастамай айтып жүретіндей ұлылардың аруағы желен-жебен көмектескен болар. Қалай дегенмен де Аманкелді маған жұрт өз есебін қалай түгендерін білмей есі шығып жүрген дәмде ұлы мақсат жолында өзін өзі ұмытқаны былай тұрсын дүние қуып, оғара бәсекеге түсіп әлек болып жүрген мына жұрттың есіне Сұлтанмахмұтты, Мәшекенді, Жұмат Шанинді салып, олардың халқы үшін сіңірген адам айтқысыз еңбектері жайлы сөз қозғауының өзі оның жан дүниесінің байтақтығы мен қатар батылдығын өзгелер үшін өмір сүре білетіндігін дәлелдей түсетіндей. Неткен тәуекелшіл, неткен акқоңіл жан еді дегің келеді.

Иә, «сыбырлағанды құдай естімей ме» дегендей, осы аз ағаны да күзінде ренжітіп алғаныңды несің жасырайып. Сол реніш үетінде ол маған «мен тарихта қаламың» деген еді.

Тәңірім-ау, оның ашу үсті айтыла салған осы бір сөзіне күлушілер де, кекетүшілер де табылар, өз басым қарсы алдымда отырған шүйкедей шалдың оған сай еңбегінің бар екеніне сол сәтте

болмаса да ойлана толғана келе қол қойған едім. Бұлай деуге оның аталған мұражайлардағы экспонаттарды жаяу - жалпы, жинағаны әлде бір деректің бар екенін естіген сәтте кез - келген жүк машинасының, трактордың қорабына жармасып, жолға шығуы, кейде қалалардағы қонақ үйінен орын тимей вокзал басына қонып, кейде қара нан мен қара суды азық етіп «ауылдастарының кейбірінің» осыған не жоқ, мұражай қажет болса үкімет ашпай ма, деген мысқылын ести жүріп ашқан мұражайлары қандай да болсын жоғары бағаға лайықты ғой... «Анаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпес» деген ғой, Аманкелді аға осы мұражайлар туралы сөз болғанда өзіне қол ұшын берген сол кездегі аудандық халық-ағарту бөлімінің меңгерушісі Зарлық Сәдуақасұлы мен сол жылдарда Мәшһүр Жүсіп атындағы кеңшарда директор болған Мұрат Дүйсенбайұлы Рахметовтың есімдерін құрметпен атайды.

Бәлкім кезінде оған қолдау көрсетпек түгіл кабинетіне кіргізбеген басшылар да болған шығар, бірақ олардың сол қылықтарын Аманкелді ағай әлдеқашан-ақ ұмытып кеткен, сынды. Аузына алмайды. Текті адамның кегі де ұзаққа бармайтынын айғағы-ау бұл.

Қазірде С.Торайғыровка, М.Көпеевке өздерінің аты мен аталатын кеңшарларда осы заманғы сәулетті мұражайлар бой көтерді. Әрине, бұл мұражайларды Аманкелді аға мұрындық болып аштырған мектептің бөлмесіндегі, клубтың ішіндегі мұражаймен салыстыруға келмес әйтсе де бұл мұражайлардың кезінде Аманкелді Омаров негізін салған мұражайдан бастау алғанын әсте ұмытуға болмайды. Тіпті, мұражайға келгендерге бұл мұражайдың негізін ауыл мұғалімі, кейіннен мұражай директоры болып жемісті қызмет атқарған Аманкелді Омаров салған еді деп басғаса да ешбір ағаттығы болмас еді.

Осы орайда ақын Қадыр Мырзалиевтің:

Қажет пе кішісің бе, ірісің бе,

Жақсының қалт жібермей бір ісің де.

Өлгенің, жерлегенің күтін жүрмей.

Талантты қадірлейік тірісінде,- деген олең жолдары ойға оралады. Ақын айтпақшы біз де ортамызда сан жылдар жас жеткіншектерге білім берумен қатар өмірінің саналы жылдарын Сұлтанмахмұт сынды ақынның өмірі мен творчествосын зерттеугі оған мұражай аштыруға, Мәшккеннің басына да өшпес белгі соқтыруға, Ж. Шанин музейін ұйымдастыруға жұмсаған ақын, азамат ағамызға кезінің тірісінде-ақ құрмет көрсетіп, аталған ауылдардағы көшелерге есімін бергізсек артық па? Тарихты халық, оның

шындығы осы Аманкелді Омаров сияқты қарапайым ұлдары жоғалтпайын естеге ұстайық ағайын.

1995ж.

2 Сөзін оқып ұрпағы елжіреді

2.1 Абай мен Мәшһүр – Жүсіптің партияға көзқарасы

«Қобзардың жалынды гуманизм мен бостандықты апсауы, өз заманы деген негізгігік адалдығы, бауырмалдығы, әділдігі адамдарға шексіз қымбат. Ақынның колониализм мен милитаризмді әшкерелеуі, қарсық пен қанаушылықтың қандай түріне болсын ерлікпен қарсы күресуі, өзінің шыншыл да жалынды жырларымен адамдарды жігерлендіруі бізге бұл күнде соншалықты жақын және қымбат». Көшіне «Правда» газетінде Тарас Шевченконың шығармашылығы жөнінде қызық тартқан сыны О.Гончардың «Бессмертие Кобзаря» атты мақаласынан алынған осы жолдарды қазақ әдебиетінің асқар шыңы, *көксеміз* Абай Құнанбаев пен жерлесіміз, тарихшы, ақын Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің партия тақырыбына жазған өлеңдеріне шолу жасау кезінде бір жазып, бір өшірдім. Оған себеп, кейінгі кезде кейбір зиялылардың сендер Абайды қазақтың Пушкині дейсіңдер, сөйтіп Абайдың қадірін қаншағанаңдар, одан да Пушкинді қазақтың Абайы десендер өмір бойы өлеңдерге кетіп келе жатқан есеміз сәл де болсын қайтып, еңсеміз бір тіктеліп, елдігіміз айдай әлемге айшықтана түспес пе еді деген пікірлері еді.

Обалы не керек, бір қарағанда қаймана қара қазақтың жыртысын жыртып тұрғандай-ақ. Тек бір қарағанда ғана, олай дейтініміз ой сарабына сала келсеңіз мұның, өзі әлемдік әдебиет атанған жер жүзі жинақтарының ортақ рухани қазынасынан қазақ оқырманын шектеу боғалып шықпақ. Бұдан кімнің не ұтатынын кім білсін. Тек бір нәрсенің басы ашақ. Ол — мұндай жағдайда қазақ әдебиеті өзінің бүгінгі жеткен биігінен құлдырамаса, шыңға шырқап шығуы скіталай, қалай десек те «Ортақ өгізден онаша бұзау артық» деген қағида, біздіңше, әдебиетке жүрген емес, жүрмек те емес.

Сонымен қатар ұлы Абай да, біздің аруақты ақын жерлесіміз, философ, тарихшы Мәшһүр-Жүсіп Көпеев те Украинаның Кобзары — Тарас Шевченко сыйяқты колониализм мен милитаризмді әшкерелеу, қорлық пен қанаушылықтың қай түріне болсын өздерінің азаматтық ар-оқандарымен қарсы тұруы, сонымен қатар халқымыздың ұлттық ерекшелігіне тән шаруаға қырсыздығын, білімге құлықсыздығын ашына айғудан бір де кенде емес, тіпті Кобзармен үндес жатыр десе де

болғандай. Оны Абай мен Мәшекеннің партияны сөз ететін төмендегі өлеңдерінен айқын аңғаруға болады.

Абай «Болды да партия» атты өлеңінде:

Болды да партия,

Ел іші жарылды.

Әуремін мен тия,

Дауың мен шарыңды, - деп онсыз да алтыбақан алауыз халықтың ұясына «партия» атты шок түсіп, ел арасы жарылып, бүлінгенін күңірене, күйзеле сөз етсе, Мәшекен «Қазақтың қылып жүрген жұмысы» атты өлеңінде Абай акын көтерген мәселеге жана бір қырынан келіп:

Бөлініп жұрт екі жақ партиялап,

Қалмайды ұрғашыдай сол қиялап.

Басқа орып босағадан тимейтінді,

Бас қылып, бас жегізіп тәрбиелеп,-

деу арқылы партияға бөліну саясатының астарында жатқан зымиян қулық пен аярлықты айқын аңғартады. Ақып, біздіңше, «Басқа орып босағадан тимейтінді» деген жолға ерекше салмақ артқан. Бұл адада ол партиялап шауып жүргендерді бай, кедейге бөліп, таптық тұрғыдан келуден аулақ сияқты, оның есесіне партияны басқарып отырғандардың ел іргесі бүтін кезде пәтуалы ісінен гөрі ел ішіне іріткі салып, содырлыққа бой ұрған тентек, ақыл аясы тар, көрсеқызар, ұр да жық жанлар екенін меззейтіндей. Сейтін, партия құрушылардың соларды бас қылып, бас жегізіп, тәрбиелегенін, күні ертен партияға мойын ұсынғысы келмеген жұртқа итше айтақпамақ ниет ұстанып отырғанын астарлап жеткізеді. «Қазақтың мұнан кетер берекесі, жоқ болып ынтымағы, мерекесі» деп бұл сияқты партияшылардың қазақты тығырыққа тақайтынын жаны ауыра отырып ескертеді.

Абай:

Барымта мен партия,

Бәрі мастық жұрт құмар.

Сыпыра елірме, сүркія, .

Көп пияншік пені ұғар, — десе,

ал Мәшекен:

Сол күнде азғырушы толып жатыр.

Шайтан да помогайтшып болып жатыр,-

деп «пияншік, помогайтшып» деген бөгде сөздерді келтіру арқылы қазаққа пәле болып жабысқан партияның түп тамыры қайда жатқанын да тамыршыдай тап баса білген. Ал мұның өзі колониализм мен милитаризмді әшкерелеу емес пе?! Сол сияқты Абай да, Мәшһүр-Жүсіп те қазақтың өзіне ғана тән қырсығы мен кесірін, «ел қағынды,

мен сабылды, ұрлық, өтірік ту де ту» (Абай), «Мал сойысып болады татуымен, ет жеу үшін бас қосып тағуласқан, сәуір, мамырда тәп-тәтті тату болса, күмәнің шөп шабарда ағус ашқан» (Мәшһүр-Жүсіп) деп ұрлық пен өтірікке жанын салатын казекөңнің берген сергіне, тіпті онымен берік еместігін өткір сыға алады.

Бір ескерте кетер жай, біз осы мақаланы жазғанда Мәшһүр-Жүсіпті Абайдай поэзия әлемінің асқар шыңымен иық тірестірсек деген ойдан жете аулақпыз. Көздерінің тірісінде-ақ аттары аңызға айналып, алты ғасырға мәлім болған Абай мен Мәшкешіні өз замандарындағы партияға, оған қазақтың, қатысына қозқарастарының үндес шығып, өзінше жағдайда бірін-бірі толықтырып, молықтырып отыратынын, партия ісіне араласқан замандастарына ризашылықтарынан төрі көңістерінің көп болғанын, өйткені партияның қазақ үшін әкелер жақсылығы жоқ екенін данышпандықпен көре білгендіктерін айту.

Қос ақынның партияға қозқарасында қазіргі кезде партия құрып шыға бұйып жүргендер үшін де, зер салып оқыса (уақыт алшақтығына бағбамастан), тәлім аларлық, ой түйерлік жайлар жеткілікті дегіміз келеді.

2.2 «Айрылған біздің қазақ Есілінен»

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, ой толғаған қазақ ақындары Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мәшһүр Жүсіп Копеевтер сол тұста қазақ жерінде кеңінен етек жайып, белең алған Ресейдің отарлау саясатының салқын да, сызды лебің ерекше сезінді. Шұрайлы жерді тартып алу, көшікөнді шектеу, мал өрісін тарылту, ақыр соңында емін-еркін жүріп-тұруға тиым салу, жаңа қоңсының мұнымен де шектелмей қару қолдануы бейбіт елдің берекесін алған еді.

Сондықтанда болар жоғарыда аттары аталған ақындар Ресей бодандығының қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне тигізген, тигізер ниятын жан дүниелерімен терең ұғынып, өздері куәсі болған өмір шыңдығын жырларына арқау етті.

Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» атты өлеңінде:

Арқадан дәурен кеткен соң,

Қуғындап орыс жеткен соң.

Тіпті амал жоқ, қазақтар,

Енді сенің торына..., -

деуі сол кезеңнің сұрықсыз суретін кез алдына әкеледі.

Шортанбай торға түскен жұртты патшаның аяусыз қанап,
байлардың талағанын, салық салып, елді есеңгіреткенін ашы-на
айтса, Мұрат Мөңкеұлы:

Еділді тартып алғаны,
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны,
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны,
Ойдағысы болғаны.
Маңқыстаудың үш түбек,
Оны-дағы алғаны...
Қоныстың бар ма қалғаны?!

деп күнірене, күйзеле жыр төгеді. Ата мекенінен ауа көшіп, мал
өрісі шұрайлы жерден айрылған көпшілік көңілінің көрінісі бұл.
Аталған ақындардың бұл ой толғамдары Мәшһүр Жүсіптің:

Айрылған біздің қазақ Есілінен,
Өзінің болған емес кесірінен.
Жер-мүлкі шаруаның қызықты еді,
Қойнында құшақтаған жесірінен, -

деген өлең жолдарымен үндес. М. Көпеевтің «Жер-мүлкі
шаруаның қызықты еді, қойнында құшақтаған жесірінен» деп
«жесір» сөзіне ерекше екіні түсіріп отырғаны байқалады. «Жер дауы,
жесір дауы» дегенде әдетте желді күннің өрттей өршіп шыға келетін
казактың тап осы тұстағы күйкі халін:

Адасып осы күнде қазақ қалды,
Бұрынғы ата-баба рәсімінен, -

деп суреттейді. Оларды «ата-баба рәсімінен» айырған, ә деуге
мұршасын келтірмей, мүсәпір халге душар еткен жайды «жылқыға
керек жерге егін салып, жер жыртып мұжық қалмас кәсібінен,
жайлауы баратұғын болмаған соң, айрылды мал да, жан да
несібінен». - деп ашын айтады.

Оңсыз да ораза ашары там-түм, елдің мал өрісі тарылған тұста
несібі кемігенін көріп шырылдап ара түсепек болған жандардың
халін ақын:

Зынданда не шаһбаздар нақақ жатыр,
Ұлықтың қылған зорлық кесімінен, -

деу арқылы ел ішінде қалыптасқан саяси ахуалды бейнелі
жеткізеді. Байбалам, түңілу, күдер ұзу атымен жоқ. Шортанбай.
Мұраттарға карағанда Мәшһүрдің заман өзгерісін өз тұрғысында
терең түсінгені байқалады. Мәселен Шортанбай:

Байды құдай атқаны,

Жабағы жүнін сатқаны,
Кедей қайтып күн көрер,
Жаз жатақта жатқаны,
Жаздай арық қазады,
Күздей пішен шабады,

деген қызық даласына жаңа заман әкелген жаналық сауда-
саттығына жатырқай қарайды. Мал-мүлкінен айрылған кедейдің
жатақта қоныстанып, күнкөріс қамымен жаздай арық қазып,
күздей пішен шабуы, адал кәсіппен айналысуы оған біртүрлі ерсі
көрініс.

Мүндай жаңа заман әкелген жаналыққа жатырқай, жабырқай,
сәтті түңде қарау Мұрат Мөнкеұлының жырларында да кездеседі.

Мәшһүр Жүсіптің бұлардан бір ерекшелігі замана өзгерісін
жеті аңғарған. Оған түсіністікпен қараған. Бәлкім бұған оның
табиғат тарту еткен ерекше зейіні, Бұхарадан алған терең білімінің
әсері аз болмаған болар.

Қалай десек те, ол болашаққа сеніммен қарайды. Тіпті ол ақ
сөзшінің 1905жылғы он жетінші октябрьдегі манифесіне зор үміт
орнықты. Осы ақынның:

Қолың бос, өзің еркін не қылсаң да,
Қарайды әркім ойлап шамасына.
Пейілі патшамыздың кеңіп жатыр,
Алғайда бізді күдай панасына.
Күдайдың бір жарылқар уақыты келді,
Алаштың ұраны үш жүз баласына, -

деген өлең шумақтары айқындай түсетіндей. Мәшһүр: публик
боп бұл манифес шашылса деп, күн көзі бұлт жоқ болып ашылса деп,
ыстабы мұсылманның жиган - терген, ерікті боп цензурасыз басылса
деп тілей келін:

Ғалым бар дін исламды жете білген,
Жоктықтан ерік өзінде қор боп жүрген.
Тізгіні шариғаттың қолға тисе,
Тамаша қылар еді-ау бізді көрген.
Шариғат қылма хакім қандай қатты
Дер едік жарық сәуле таң жаңа атты.
Қолына көптен бері тимеген соң,
Сағынды дін мұсылман шариғатты, -

деп дйттеген ойын, арман-мүддесін жайып салады. Тек ақынның
үміті ақталмайды. Академик, жазушы Сәбит Мұқанов өзінің «Абай
Күнбаев» атты монографиясында: Семейдің уездік полиция
бастығы Куприянов 1897 жылы Абайдың үйін тініткенде Мәшһүр Жүсіптің

Абайға жазған хаттың тауып алғаның, онда ол Абайдан патша үкіметінің елге жасап отырған қиянаттарына қалай қарсы тұруға болатыны жөнінде ақыл-кеңес сұрағаның айтады.

Мәшекең бұл хатты «Ерік өзінде болмай қор боп жүрген» халқының тығырыққа тірелген тұстарының бірінде жазды ма екен, кім білсін?

Анығы Ресей бодандығы бұғауында буынған қара халықтың ауыр халін жыр өрнегіне түсірген ақындардың қай-қайсысы болмасын бодандықтан шығар жол іздегені, тіпті кей тұста сан-алуан қайшылықтарға ұрынғанын байқаймыз.

Қысқа күнде қырық құбылатын қыр желіндей патшаның сайқал саясаты ақынды қанша алдан соққанмен туған халқының келемегіне деген үмігіне селкеу түсіре алмады. Елге деген махаббаттан бастау алған жыр-маздағын өмірмен түгіл бәсеңдетуге шамасы жетпеді. Халқы үшін басын бәйгеге тігіп, құғын - сүргіне ұшыраған Мәшһүр Жүсіптің шығармалары қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің мұнсыз музыкасының алтын қорында тарлан тарихтың көне тартпас жарқын беті болып мәңгілік қала бермек.

2.3 Өнегі ойғатолы туындылар

Қазақ даласы, оның ішінде Баянауыл өңірі, қашанда біртуар тұлғаларға кеңде болған емес. Дегенмен, жүйрікте де жүйрік бар, әліне қарай жүгірер демекші, сол сом тұлғалардың арасында тәңірі өлшеусіз өнермен телегей теңіз білімдарлықты қатар сыйлап, ол аз десеңіз тылсым сырлы дүниенің сан қатпарлы құпия сырын көңіліне түйдіріп, ғайыптан болжап сөз айтар әулиелікті қатар сыйлаған санаты саусақпен санарлық дара тұлғалар бар. Олардың халқымыздың сан ғасырлық тарихынан алар орны тіптен ерек, тіптен бөлек.

Соның біз білетін бірі де, бірегейі де- Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Оны жұрттың дені ең бірінші кезекте ғайыптан болжап сөз айтқан, сол айтқандары аманда айна қатесіз келгем көріпкел әулие деп біледі. Бұлары заңды да.

Мәшекең көзі тірісінде зират үйін салдыртып, қабырын қаздыртып қойды. Мұныңыз қалай, артыңызда Аллаға шүкір ұрпағыңыз, қала берді өзіңізді құрмет тұтқан халқыңыз бар емес пе. Олай-бұлай бола қалсаңыз, ел қатарлы ақ жуып, арулап қоймай ма, - дегендерге:

-Солайы солай гой, Аллаға шүкір, ұрпақтың да, елдің де бар екені рас. Тек... Ол кезде балапан басына, тұрымтай тұсына дегендей» кезең болады. Көресіңдер де көнесіңдер, -дейді» екен.

Сөйткен Мәшекен 1931 жылдың күзінде дүние салған. Ал сол жылы бастау алып, 1932 жылы онаш әрмен жалғасқан аштықтан халықтың қынадай қырылғанын еске алсақ, Мәшекеннің көрегенділігіне таңдана таңдай қақпасақ лажың жоқ.

Мәшекен «Мен өлгеннен кейін денем 40 жылға дейін бұзылмайды» деп өзін ашық жерлеуді өсиет еткен екен. Оның сол өсиетін артында қалғандар бұлжытпай орындаған. 21 жыл бойы тек шыжыған жаз айларында ғана үстіне жабылған ақыретін айырбастан отырған. Осыны көзі көрген солардың біз ұшырасқан соңғыларының бірі, ақынның немересі Сүйіндік Шарапиден ұлының айтысына қарағанда, Мәшекеннің мүрдесі сол күйінде сақталған.

Тек, Солақай саясат сойылын соғушы әсіре коммунистер ақынның айтқан мерзіміне 19 жыл қалғанда, Мәшекеннің ақыреттік үйін айуандықпен талқандап, мүрдесін мәңгілік топырақпен тұмшалап, көмін тастады.

Осы бір сүреңсіз, сұрқия кезеңді еске ала отырып, ақынның ел тапқан немересі филология ғылымының докторы, жазушы Қуандық Пазылұлы Мәшһүр-Жүсіп атасының 140 жылдық тойында Мәшһүр-Жүсіп кесенесін талқандаушылар халық қарғысына ұшырады, халық Мәшһүр-Жүсіпті қастерлеуін ешқашан тоқтатқан жоқ. Соның бір дәлелі Сарыарқаның әр үйінің дерлік төрінде Мәшһүр-Жүсіп суретінің ілулі тұруы», - деп еді тебірене толқи сөйлеп.

Ғалым, жазушы ағаның осы сөзі «әр үйдің төрінде» **Мәшһүр-Жүсіптің** түрлі-түсті суреті ілулі тұратын шағын ауылды көз алдыма әкелгені. Шоман деп аталатын сол ауылда аралас тауарлар сататын жалғыз дүкен болатын. Бірде сол дүкенге әлдеқалай бас сұққан едім әртүрлі аяқкиімдердің арасында тұрған қағазы әбден сарғайып кеткен кітапқа көзім түсті. Бұрын бұл дүкеннен кітап көрмегендіктен бе, жоқ әлде кітаптың соншалықты сарғайып кеткендігіне таңырқалдым ба, әйтеуір көз ала алмай қадалып қалсам керек.

Сатушы Олтай ақсақал әлгі кітапты қолына алып кеше ревизия жасағанда шықты. Қоймада жата берінгі, содан ревизорлар сат деп осы араға қойдырды. Бағасы да қымбат емес, алам десең ала ғой делі. Кітапқа қанша қызығып тұрсам да, оны сатып алатын ақша маған қайдан келсін. Күмілжіп қалдым. Бұрылып кете бергенімде:

-Мә, ақшасыз-ақ ала ғой, -деген Әлекен. Әкеңе сәлем айт.

Бұл жоғары класка арналған әдебиет оқулығы еді. Ертеде шыққан осы кітапта Қыз Жібек, Аламыс, Қобыланды, тағы да басқа эпос-эпостық жырлармен қатар Мәшһүр-Жүсіптің бір өлеңі болғаны есімде қалыпты, бірақ ол кезде мектеп оқушысы, алдың-дүлдің бала кезіміз ғой, біз ол кісінің кім екенін қайдан білейік. Тек әкем

Мәшһүр-Жүсіптің атын атап, өлеңін оқығанда -Алда, жарықтық-ай, - деп терең күрсінгені есімде қалыпты. Қазақтың ұлы ойшылы, көрнекті ақыны, әдебиет үлгілерін жинаушысы Мәшекеңнің есімімен, өлеңімен алғаш танысуым міне осылай ойламаған жерде басталған еді.

Кейінірек жұмыс жағдайымен көшіп - қонып жүргенде сол кітап қолды болды. Содан соңғы жерде Мәшекеңнің өлеңдерін 1983 жылы жарық көрген «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті» атты кітаптан араға аттай алты жыл салып «Бес ғасыр жырлайды» жинағынап ұшыраттым.

Ал, филология ғылымының кандидаты Нартай Қуандықұлының «Мәшһүр шығармаларының зерттелуі» атты еңбегіне жүгінер болсақ, ақын шығармаларын зерттеу 40-шы жылдардың аяғында дағдарысқа ұшырағалына көз жеткіземіз.

Мәшһүр шығармаларын құрсаулаған уақыттың сіреу мұзы жас ғалымның айтысына қарағанда тек 1983 жылы ғана аздап жібіген. Соғыстан кейін өркен жайып, өсіп өнген біздің ұрпақ Ахмет Бай - тұрсынов, Шәкәрім Құдайбердиев, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев сынды алыптардың жыр мәйектерімен ауыздана алмадық. Тұңғыш кешіп, кәусарынан қанып ішуді тағдыр бізге нәсіп етпеді. Окінішті. Өткенге салауат, тәуба делдік. Аталған алыптардың (Мәшһүр-Жүсіптен басқасы) еңбектері мектеп оқулықтарына енгізілді. Сол қатарда Мәшекеңнің болмауы өкінішті. Мәшекеңнің еңбектерін мектеп оқулықтарына енгізетін, шәкірттерге оқытып, үйрететін кез жетті деп білеміз. Бұл бір жағынан Мәшекеңнің қазақ әдебиетінен осы ғасырдың алғашқы жартысында алған кәделі орнын қалпына келтірген әділетті шешім болса, екіншіден жас жеткіншектердің ақын еңбегін мектеп қабырғасынан оқып, танысып, біліп өсуіне жағдай жасар еді.

Осы орайда облыстық мәдениет, оқу департаменттері жылма-жыл Мәшһүр Жүсіп шығармасының апталығын өткізіп, онда ақын өлеңдерін оқитын оқушылардың конкурсын, жазба ақындардың мұнайрасын ұйымдастырса мұның өзі ұлы бабамыздың шығармашылығына көрсетілген лайықты құрмет болар еді.

2.4 Қылмаймын бармадым деп қажыны арман

Дінтанушы ақындар дегенде алдымен ауызға Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи сонан соңғы жерде Мәшһүр-Жүсіп Копейұлы оралары хақ. Ұлтымыз үшін Ислам діні- дін діңгегіне айналып, Алланың құлы Мұхаммедтің үмбеті екенін ұғынып тағат,

талабат етіп қана қоймай, Алланың сөзі құранды, Мұхаммед пайғамбардың хадистерін терең түсінулеріне негіз салды. Тіпті, кеңестік кезеңнің дінге, діндарларға салған темір бұғауының өзі оған нұқсан келтіре алмады. Жетпіс жылдан астам уақыт діндарлардың аттарын ұмыттырып, дінді ел есінен шығаруға қаншалықты тырысқанымен адамдар дінді де, діндарларды да жүректерінің түкпірінде ұстады. Оларға деген ақ адал сенімдері мен сезімдерін ұрпақтарына аманат етті. Бір Алланың құдіретімен сол жылдардың өзінде Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи есімдері Кеңестік идеологияның тас қамалын талқандай бұзып, ортамызға орады. Сөйтін, Ислам шырағы шуақты нұрын байтақ қырға төге бастады. Әйтсе де дінтанушы ақындардың соңғы ірі өкілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары Алланың сәтті күнін тосып, әлі де жұрт назарынан тасалау жатыр еді.

Ақыры Алланың бұйрықты күні Еліміз тәуелсіздік алған тұста Алматыдағы «Ғылым» баспасынан 1990-1992 жылдары Мәшекеннің екі жинағы жарық көріп, жұртшышылық қолына тиді. Бұл еңбектерді құрастырып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған белгілі Мәшһүртанушы, филология ғылымдарының докторы Сәрсенбі Дәуітұлы болатын.

Содан кейінгі жерде Павлодар Ертіс өңірі этно-мәдени зерттеулері бойынша 2003 жылдан бері он бір томдығы жарық көрді. Біз бүгін «Мәшһүр Жүсіп» шығармаларының 3-томына енген деректі дастандары турасында сөз қозғамақпыз. Жинақты ескі Араб Хадим жазуынан аударып, баспаға әзірлеп құрастырып, Ғылыми түсініктеме беруші Мәшекеннің ұрпағы, филология ғылымының кандидаты-Гүлназ Қуандыққызы Жүсіпова.

Атақ үшін өуре боп көбі барып...
Ассалаумағалейкум, ай Қажеке,
Мәдина құтты болысып бардың Мекке.
Сау қайтып аман-есен келдің жеке.
Қажылар апат болған әрбір елден,
Алладан керім екен бұл бір келген.
Сізге біз қалай айтсақ жарасады,
Болініп сол қырғыннан аман келген.

Дастан осылай басталады. Ал осы дастанды оқығанда дастан қай жылдары жазылған, кейіпкері Шонтыбайқажы өмірде болған жан ба, Ақынның айтып отырған керімі, қырғыны не ? Міне, осындай сан алуан сауал туындайды.

Бұл сауалдарға біз азды-көпті жауапты кітап соңында берілген түсініктемеден табамыз. Бұл Мәшһүр Жүсіптің 1926 жылы жазған шығармасы. Оны 1995 жылы «Жұлдыз» журналының 11-12-сандарында Ертай Қуандықұлы Жүсіпов жариялатқан... Мәшһүр Жүсіп жазбасы соңында «Сарыарқадан бір заманда қазақ халқы қажыға көп барған Гарафала [37] айтуға ауыз бармайтын жаман жүкпалы дерт келіп кетіп, қажылар көп қырғын ташқан». Міне осы мәліметтерден кейін Мәшһекеншің Шонтыбай

Келдің бе есен – амап данышпаным
Дін үшін Қайрат (Ғайрат) қылған арыстаным!
Көрісін пайғамбармен күшақтасып

Төрт жармен (бармен) құтты болсын табысқаның
деуі қаранғыға жарық түсіргендей әсер етеді. Түсініктеме берушілердің жазуына қарағанда Мәшһекен сол тұста отыз бес жаста болса керек. Жастығына карамастан оның терең ғұламалылығы таң қалдырлалықтай. Ол өз басы Араб жерін аттап көрмегеніне карамастан, Араб жеріндегі ондаған қалалар, қасиетті орындарды, Пайғамбардың сүйікті достарының аттарын моншаққа тізгендей етіп айтады. Оны былай қойғанда қажыға барушылардың көңіл күйлерін тамыршыдай тап басып бейнелейді.

Жамыратқан қозылай боп улап-шулап,
Жүгірдің лоббайлап сонда айғайлап.
Бұл жалған фәни дүние шықты есіңнен,
Көп қызық көрдің рақат іс күйіңнен.

Ия, қасиетті орынға аман жетіп тауап етуге құлшыңған пенденің жан тебіренісі бұл. Ақын төкпелеген жыр әсер еткен Шонтыбай қажы:

«Шырағым-ай сонда менің қасымда бірге жүріп не едің»,- десе керек.

Сөйте тұра:

Көрмеген біз білмейміз жер шамасын,
Қармансаң қолың ұзын жол табасың,-
деп кішіпейілдік танығады.

Сонда Шонтыбайқажы: «Тоғыз барған біз осының бір де бірін білмейміз.

Қайдан бәрін жаттап, оқып, тоқып жүргенсің,-деп риза болады, батасын береді. Жырда ақынның өз өмірінен дерек берер жолдар да ұшырасады.

Айрылып ел-жұртымнан жүрген күнде, тарқаған сізді көріп ішкі шерім деген жолдарды оқығанда зерттеуші, ғалым Сәрсенбі Дәуіттің.

«Ерте оқып, ерте білім алып, ерте есейген ғалым өз қара басының қамын ойламай, елі - жұрты үшін аянбай еңбек еткен кейде жетпін қара нанға, кейде бір жұтым айранға қолы жетпей, кедейліктің арып қарғын жүрген» - деген пікірі айға оралады.

Ия, ақынның шерленуі тегіннен-тегін емес. Бұл да замана түмнуі болар. Мәшһүр Жүсіпке үнемі ар тазалығы сол замандағы "жемесең де май жақсы, бермесе де бай жақсы" деп құлқын құлдары ыңағты қағидаға айналдырған мақал мүлдем жат. Сондықтан да бодар «Шонтыбайқажы» дастанында.

Дін үшін қайрат қылған сіз бір батыр,

Талай бай бақ басында өліп жатыр.

Айтайын қайсы бірін жұрт білмейтін,

Аты бар, атағы жақ бықсық байдың,- деп дін үшін қайрат қылмайтын парықсыз байларды шенейді. «Жантемір қажы» дастанында ақын:

Байлардан қылман дөме құнан тайды,

Біледі бұл арта жүз біздің жайды.

Айтуға ауызға алып ерінемін

Аты бар, атағы жоқ бықсық байды,-

деп өзінің ежелгі ұстанымын онан әрі өйгілеп ақтарыла сөйлейді.

Сөзіме ақы алмаймын, пара алмаймын

Жалтаңдап әр есікке бара алмаймын.

Оулиенің осы ұстанымы қасиеті өз заманын да замандастарының, біздің аумалы - тоқпелі кезімізде өзін сүттен ақ судан таза етіп көрсетуге тырысатын. Кейбір паракұмар күндіз шам алып іздесең табылмайтын қасиет қой бұл.

Бұл күнгі кейбір пенделер «жалаңдап әр есікке бара алмаймын» дей алар ма, жөні келсе, есебі түгенделер болса, сол есіктің босағасын күндіз - түні күзетіп, қолденен түсіп жатудан да тайынбас еді.

Ақын:

Сөйлеймін өз тұсымда жұрт асқанды,

Өнері сөйлеуіме ұнасаңды.-

-дей келіп Жантемірдің сән-салтанатын, тұрмыс - тірлігін кеңінен сөз етеді.

Дастанды оқи отырып Мәшекеңнің

Айтамын танық емес анық ерді,

Ашығы сол еңбекті тәшірім берді.

Кім айтар мырза емес деп көрген жаннан,

Баласы Еркебұлан Жантемірді- дегені ойға оралады. «Арыстанның аузынан айырып-жеп» демекші көктемгі дариядай

тасыған, тағдыр селіңе тап болып өмірінің жалғасы болар балаларынан айрылып «Тахауи бір енеден жалғыз қалған тұсыңда да қайрат тапқанын.

Келгенше жетпіс үшке жігіт қалпы,

Бүкірейіп белі биттей бүгілместен.-деп атап көрсетеді.

Сонымен қатар мырза, ақыл аясы кеп, дархан жанды кейінкерін әсерлеп, сырлап- сипамай бар болмысын бірақ сөйлеммен:

«Дау-жанжал, ұрыс-керіс іңкөрі еді» деу арқылы оның ер мінезді кесек тұлғасын, бірбеткейлігін ашып тастайды. Хажар асуат тасына жеткен тұста Сүйіндіктен барған он жеті жанның арсалаңдап «Жөкең қайда» деуін де оның өршіл ер мінезін жақсы білумен қатар «бір тигізе қолымызды ана тасқа сол тигізер» деген үміт қылан береді. Ал оның «белбеуінен жабылып ұстаңдар» деуінің өзі ел үшін басын бәйгеге тігуге әзір екенін айқындап тұрғандай.

Тасқа қарай бет қойды қадам басып,

Өзге жаннан иығы бөлек асып.

Тік көтеріп алдынан былай қойды,

Қара жолды салмай ма алдын ашып?!

Қарағанға бетіне береді пұл...

Қара күшіне ақылы, байлығына мырзалығы сайлығына сүйсінесің. Пұл алған соң жолдан сырылғандарды сөз ету арқылы Мәшекең Мекке сияқты қасиетті жердің өзінде де пұлға күл болусынды пенделіліктің орын алатынын әдемі де, әсерлі көрсетеді.

Ең алдымен өзінің қолы тиіп,

Құнақтан Хашар аусат тасты сүйіп.

Сол арада жан-жаққа пұл шашқан

Көрген жан ерімеспе бұған иіп.

Шашқан пұлды таласып алып жатыр.

Жөкең қолды қалтаға салып жатыр.

Пұлға айналып қалған соң тіл байлаып,

Кейінгі ге жол басып қалып жатыр.

«Пұлға айналып қалған соң тіл байланып»

-деген сынар жолмен ақ ақын мұсылмандық жолмен бес нарызының бірін өтеуге келген қажылардың «Алтын көрсе періште жолдан таяды» демекші ақшаның алдында әлсіздіктерін танытқан пенделік болмыстарын жанымды бейнелеген. Осы орайда ақынның шеберлігі бейнелеу тәсілдерін тілге тілек ете кеткен жөн болар. Ғалым Қуандық Фазылұлы Жүсіптің сарынына сай талдасақ «жамыраған қозыдай боп улаң-шулап», «Қармансаң қолың ұзын жол табасың». «Талай бейбақ басында өліп жатыр ... Аты бар атағы жоқ бықсық

мөйбін», -деген жолдарда ұлттық бояу, ұлттық сөз сантау өрнегімен мүдделеніп- ақ тұрған жоқ па?

Ақын шеберлігі, бейнелеу тәсілі, сөз қолданысы кімді де болсын сөз қолданысы кімді де болсын тәтті етіп сүйсінтпей ме?!

Сонымен қатар ақын қажылыққа барушылардың бәрі бірдей Алланың ақ жолына мойынсұнушы. Мұсылмандық парызын адал атқарушылар емес екендігін ашып айтады. Ақынның өзіне сөз берейік...

Атақ үшін әуре боп көбі барып,
Келгені не мәз болып қажы атанып.
Қалашы, базаршы боп жүрген жан көп,
Шабадан мен самаурын шәйнек алып...
... Бір тиын үйге қайтып әкелмесе,
Өне сол құдай үшін барған қажы.
... Ақыр заман бұ да бір ғаламаты,
Жанның бәрі Қажеке болып кетті.

Осы жолдарды оқығанда еліміз тәуелсіздік алған жылдарда қажы атанған, кейбір тайыздығына қарамастан былайғы жұртқа отыра өзі білмесе де шарығат айтып шатысып, әддебір білетін жандар «ол олай емес»-деп жөнің айта бастаса шаптығып шыға келетіні, қажыға барған кейбіреулердің сол жақтап тауарды теңдей әкеліп сауда жасайтыны ойға оралады. Ия, адам түгіл Алланың өзін алдағысы келетін алаяқтар қай кезде де қай қоғамда да болған. Діндарлардың, қажылардың арасында да олар аз болмаған.

Адамшыдан адал жандардың ара жігін ажыратып бір Аллаға, исламға шынайы сүйіспеншілікпен құлшылық етуші Шонтыбай, Жантемір қажыларды жырға қосу арқылы ақын Мәшһүр Жүсіп өзінің өміршен жырымен шынайы діндарларға Мәңгілік ескерткіш орнатқан. Шың жылап, шынайы тілеген адамға Алланың әрқашанда тілегін тілегін беретінін зор сеніммен жырлаған.

...Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әулие екендігі талас тудырмайды. Бұл байтақ жұрт мойындаған шындық. Ал ақынның өзі біз сөз еткен Жантемір қажы жырында.

...Хабарын телеграмның естіген соң,
Қаламды ақын Мәшһүр алды қолға...
Қажының келген бірін көрмей көзім,
Ойымнан соға бердім менің өзім.
Барғанның естіп келген өңгімесі,
Өзімнің үйде отырып айтқан сөзім, -деген екен.

Осыны оқыған ойы сергек көзі қарақты жан Мәшһүр әулиелігіне тәтті болары сөзсіз. Құдайдың өзгеге қыс маған жазы»-

деп ақынның өзі жырға қосқандай Мөшекен сынды бір Аллаға шексіз сеніп, ислам дінін насихаттауға бар білімі мен өмірін сарп еткен саки жанның Алла жапын жәннатта қылғай.

2.5 Ұлының ұлылығын ұлықтау

Тәуелсіздігіміздің тәуба дегізер тұсы көп. Соның ең бастыларының бірі- кешегі кеңес кезінде зиянды көзқарас иелері атанған халқымыздың біртуар, ірі тұлғалы сөз зергерлері еді. Солардың алдыңғы сапында ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің болуы ұрпақтың ұранына айналар шығармалары жұрт көзінен таса ұсталып, зиратының қиратылуы- келмеске кеткен қоғамның тарих парағында қалдырған жан шошырлық қара таңбаларының айшықтыларының бірі. Шектен шыққан осы бір айуандық іс - әрекеттері жұртты шошытар Мәшһүр Жүсіптің рухынан алты шақырым аластатар деген арам ойлары ақыр соңында есек дөмеге айналарын кеңес идеологтары, олардың шоқнарын соғушылар білді ме екен. Әй, қайдам көргендіктерінен гөрі көр соқырлықтары басым сол саясаткерлер “жаракат орны батырға сымбат” деген қанатты қағида бар екенінен, сірә, хабарсыз болар- ау.

1947 жылғы 21 январьдағы Қазақстан КПБ орталық комитетінің “Қазақ ССР Ғылым академиясы тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы” қаулысы т.б. қаулы- қарарлары Мәшһүр шығармаларын жариялауға, таратуға тосқауыл қойды. Бұл бір көз көріп, құлақ естімеген қысастық еді. Зиратын бұзып, шығармаларын бастырмау, атын атағнауға тырысу халықтың оған деген ынтызар көңілін шексіз махаббатын бір сәтке де бәсеңдете алған емес. Жыл өткен сайын оған деген құрмет пен ықылас өрттей өрши түсеті. Кеңес саясаты қабағынан қар орнына қап жаудырса да елін, ерін сүйген еркін ойлы ерлердің аузына қақпақ бола алмады. Солардың бірі- Дихан Әбілев. 1956 жылғы 16 мартта “Қазақ әдебиеті” газетінде Мәшһүр Жүсіптің зиратын ойрандаған бұзық туралы ашу- ызаға толы мақаласы жарық көрді. Ол Мөшекенді “қазақ халқының ғана Мәшһүр Жүсіпі емес, бүкіл орта Азия халықтарының Мәшһүр Жүсіпі” деп бағалалы. Жалғыз Дихан баба ғана емес Мөшекеннің шығармаларына іздеу салушылардың арасында заманымыздың заңғар жазушысы Ғ. Мүсірепов те болған еді. “Сондай- ақ ақынның кейбір туындылары орыс тілінде де жарық көрді. Бірі Москвадан 1940 жылы шыққан “Дала әндері” антологиясына, бірі Ленинградта шыққан “Қазақстан ақындары” жинағына (құрастырушы

М. Мағауин) кірді”,- деп жазады филология ғылымының докторы, профессор Қуандық Пазылұлы.

Откенге салауат делік. Тәуелсіздік алған тұста Мәшһүртің есімі бұрынғыдан гөрі жиі аталатын болды. Газет- журналдар оның шығармаларын бірде Ғалым Сәрсенбі Дәуіттің, бірде Қуандық Пазылұлының алғы сөзімен жарыса жариялап жатты. Енді оларға қосылды. Кітаптары да шыға бастады. Кітаптары демекші осы орайда кіші ғылыми қызметкерлер Жанарыс Қызыр мен Қарлығаш Қажымәліққызы Талқанбаевалардың 2007 жылы Кереку баспасының жарық көрген “Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларындағы ислам мәдениеті” атты кітаптың “Асты сөзінен” мына төмендегі пікірлерін келтіре кетейін: “Шыны керек, ақын бабамыздың атын ел ішінен естіп, бірді-екілі өлеңдерін, әңгімелерін білгенімізбен, жете-тани бастағанымыз Қазақстан республикасының егемендігін алумен тығыз байланысты десем қателеспедік деп ойлаймын. Осы орайда, “Құланның қасынуына мылтықтың басылуы” дегендей президент Н. Назарбаевтың арқасында қолдауға ие болып, дүниеге келген “Мәдени мұра” бағдарламасын ерекше атап өтуге болады. Бұл бағдарлама еліміздің рухани мәдениетінің гүлденуіне, барысына зор ықпалын тигізді”. Орынды сөз, келісті найымдау. Сонымен қатар С. Торайғы-ров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне Ерлан Арынның ректор болып қызметке келуі жалпы облыстағы жоғарғы оқу орындарына, оның ішінде аталған оқу орнына жаз келгендей жаңалық әкелгенін айта кету жөн болар. Сөзіміз Мәшекеңнің немересі филология ғылымының докторы, академик Жүсіп Қуандық Пазылұлының Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын- жазушы, журналист Ғалымбек Жұматовқа берген сұхбатында: “Иә, Аллаһ шүкір, бір кездерде армандауға да болмайтын көп игіліктерді көріп отырмын. Павлодарға келіп, қызметімді реттеген кезде университеттің ректоры Ерлан Арынға кірдім. Біраз әңгімеден кейін:

- Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің үш томын шығарсам деген ойым бар. Сол іске қолқабыс жасасаң,- дедім.

- Неге таңдамалы, толық шығармалары қанша том болады?

- Ол көбірек, шамамен, 20 том болады.

- 20 том болса, сол көлемде шығарамыз,- деді ректор деуі айғақ.”

Ерлан Арынұлы бір ауыз сөзінің биігінде қала білді. Енді Мәшекеңнің шығармалары бірінен соң бірі жарық көре бастады.

“Бір жұмақтың бір тозағы бар ” демекші өмір бойы айлап, жылдап қолдарына кітап алмайтын өз аты- жөндерін жазуға ғана сауаттары жетерлік жандардың кейбірі:

- Ойбай, Мәшекеннің шығармасы деп қылып басып жатқандары көр жерде алынған әркімдердің шығармасы екен десе, оқынған сауатты деген жігіттердің кейбірі Мәшекеннің өлеңдері өлең деуге келмейтін кара дүрсін бірденелер екен дегенге барып калып жатты. “Асқанға аспан аласа, тойғанға тоқты еті топырақ” деген осы. Олай дейтініміз Смағұл Садуақасов Омбы қаласынан шығатын “Трудовая Сибирь” журналына басылған “Қазақ әдебиеті” атты мақаласында “М.Ж. Көпеев ең алғаш ақындарын, өзін, өз руын ғана мақтайтын белгілі әдет дағдысынан бас тартып, халықтың қайғы-мұңын айтып, қасіретін жырлайтын өлеңдер жазды. Оның өлеңдері тұңғыш рет жазба түрде жарық көріп, қазақ әдебиетінің тарихында халықшыл деп ағайтын жаңа бір ағымның арнасын ашып берді. Мәшекеннің замандасы Смағұл Садуақасовқа атқан таңдай табыс жайды, біздің замандастарымыздың бірден түсініп, қабылдай қоюы қиынға соқты. Дегенмен, өткен жылдарда Мәшекеннің еңбектерін оқып- біліп, тауыпты ғылыми атак қорғаушылар саны артты. Аллаға шүкіршілік дейтін жайларымыз молая түсті. Енді соларға рет- ретімен тоқталып көрейін.

2.6 Қасиеті туралы

Екібастұз қалалық “Отарқа” газетінің 1998 жылғы 31 шілдедегі № 31,32 сандары “Дархан даланың данышпан ұлы Мәшһүр Жүсіп Көпеев 140 жаста” деген айдармен жарық көрді. Газеттің сол сандарында белгілі журналист Амангелді Қаңтарбайұлының “Ескелді естеліктері” басылды. “Күтпеген қонақтар”, “Өртке оранған өңір”, “Қой қырғыны” атты үш әңгімеден тұратын естеліктер Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ерекше қасиетін айшықтауға арналған құлды дүниелер. Автор өзінің балалық шағында үйлерінің Мәшекеннің зират үйімен көрші қоныстанғанын баяндайды. “Өлі есімде өте кедей едік, тістеуік жирен биеміз, екі лағы бар кара қасқа ешкіміз болды. Неге екенін кім білсін, біздің үйде ыдыс- аяқ та жетімсіз болатын. Балта да жоқтын. Оның бәрі есімде қалғаны жолаушылап біреу- міреу келе қалса, шешем мені Мәшекендікіне жұмсайтын .” Осы жолдарды оқығанда еріксіз ойға қаласың. “Апырай, Мәшекендікіне жұмсайтын”- деуіне карағанда, айнала төңірегін мекендеген тірі адамдар Мәшекен аруағын қастерлеумен одан тура мағынасында қолқайыр да көрген екен- ау. Мәшекеннің бейіт үйінен ағаш жаруға балта, үйге келген

қонакқа ыдыс- аяқ алулары соның айғағы емес пе. Шешесінің жұмсауымен Мәшекеңнің бейітіне келген бала “Ассалаумағалейкум, ата, аман жатырмысыз” деп сәлем берді. Құран оқуы, қажетті нәрсесін құрап алуы, пайдаланып болған соң, орнына әкеліп қоюы- бір шеті ата- баба тәлімі, бір шеті мұсылмандықпен ұштасып жағқан жоқ па, үрлық қылмау, өтірік айтпау, біреудің ақ адал дүниесін пайдаланып кетпеуі ата- баба дәстүріне де, мұсылманшылыққа да тән емес пе. Міне, осы “тату қоршіліктің” шырқың аяқ астынан келе қалған күтпеген қонақтар бұза жаздайды. Олар, ең бірінші, молланың үйіне барады, іле бұлардың ауылына келіп қиғылық салады. Өздерінің молланың үйіне барғандарын айтып, есігінде құлып тұр, ішіне мысық қамап қойыпсындар деп қиғылық салады. Автордың баяндауынша, үй ішіндегілер Мәшекең дүние саларында: “Егер маған өзім ұнатпайтын, арам ойлы адам келсе, не мысық болып мияулаймын, не тауық болып қығт- қығтаймын” денті – міс. Ал сөз болып отырған жолаушылар сондай жаңдар болса керек.

“Өртке оранған өңір”, “Қой қырғынында” да Мәшекеңнің дара қасиеті сөз болады. Өрт. Оны өшіруге кетіп бара жатқан әкешелері балаларына: “Төсек орын, ыдыс- аяқ, киім- кешектерді арбаға тиеп, молланың үйіне барыңдар. Ол жерде өрт болмайды, қорықпаңдар”, - деді. Өздері тілсіз жау өртке қарсы аттанып бара жатып, көзінің қарашығындай балаларын алаулаған от ортасында қалдыра тұрып, “молланың үйіне барыңдар. Ол жерге өрт бармайды” деулері, бірінші құдайға, екінші Мәшекеңнің аруағына сену емес пе. Құдайдың күдіретімен сол маңдағы биік таулардың бірі Бөкенбай тауының басына шығып кеткен өрт автордың жазысына қарағанда: “Ортмәшһүрдің үйі тұрған тобеге дейін келеді де, етекке жете бере жалп- жалп сонеді”. Бұлардың тұрақтары да өрттен аман қалады. Өрттен паналаған бұлар ауыз үйге кіріп, көз іледі. Түсінде Мәшекең: “Балам, үйіне қайтсаңшы”, - деп аян береді. Иә, пендесіне өмір бақи өнер берген аса мейірбанды Алла тағаланың саусақпен сапарлық сүйікті құлдарына ғана тарту еткен ерекше қасиетінің бізге беймәлім қыры мен сырына таңырқай, тамсану біз сияқты муминдердің пешенесіне жазылған шешуі жоқ ұлы жұмбақ болса керек. А. Қаңтарбайұлының қаламынан туған қоспасы жоқ дүниелерді оқу барысында осы ойға берік табан тіреп, Алла Мәшекеңе иман бере гөр деп тіледім.

2.7 Мұраны сақтау мұраты болған

Жазушы Мәшһүртанушы, қаламы қарымды журналист ініміз Ғалымбек Жұматов Мәшекенің шығармаларын танып білу бағытында жазған танымдық мақалаларының біріп сөз өнерінің тереңіне бойлап, маржаның терген Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өзі қазақ даласында аңыз болып айтылып, жыр болып жатталған туынды болсын қағаз бетіне түсіруге ұмтылғанына том- том болып басылып жатқан еңбектерін оқыған сайын ерекше тәтті боламыз деген екен. Құптарлық, қоштарлық құнды пікір “Мәшһүр Жүсіп” жинағының 8,9- томдағы 7 үлгіден тұратын сахабалар ұрпағы, 5 нұсқадан тұратын Абылайдың тұтқындалуы, 10- томдағы 6 нұсқадан тұратын қазақ шежіресі жоғарыда айтылған пікірдің шынайылығына көз жеткізеді. Тіпті біздің қазіргі ізденушілеріміздің бойында Мәшекеге тән төзімділік пен ізденімпаздылықтың бір ширегі болса ғылымның көкжиегін кеңейтер ме еді деген ойға берілесің. Сол Мәшекенің назарынан сонау ғасырда жұрттың жағасын ұстатқан Ақанның Құлагерінің жығылуы да тыс қалмағанын айта келіп Ғалымбек өнер иесіне жасалған қиянатқа Мәшһүр Жүсіп те бей- жай қала алмағанын, қазақ даласында кең әңгіме болған оқиғаның, ұмтылмасы үшін , келер ұрпақ сабақ алуы үшін естігенін өзін қалдырмай термелеп жазғанын көргенін көреміз- деген түйін жасайды. Осы орайда Мәшекеге сын айтушылардың кейбірі жоқты- барды термелеген екен ғой. Қажетін, қажет еместігін де болжай алмапты. « Кейбір жазбалардың авторлары да жазылмағандықтан сол шығармалардың біразы жинаушының өз туындысы ретінде беріліп жатыр », - деген әңгіменің отын үрлеушілер де жоқ емес. Ғалекең осы ойларды талдай келіп, оның қайсысын қажет етеді, қайсысын екшейді оны алдағы ұрпақтың өзі шешетіндігін көргендікпен болжаған деген байлам жасайды. Осы орайда Ыбырай Алтынсариннің :

Біз надан боп өсірдік иектегі сақалды,
Өнер жігіт көркі деп ескермедік мақалды.
Біз болмасак сіз барсыз үміт еткен, жастарым,
Сіздерге бердім батамды

- деген өлені ойға оралады. Тіпті ұлы Абай да:
Базарға қарап тұрсам, әркім барар...
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар.

Сомалап ақшасына сонан алар,- демей ме.

Ал жинаушының өз туындысы ретінде беріліп жатыр деген пікірлері мен келісу мүлде қиын. Мәселен, «Мәшһүр Жүсіп» кітабының 7- томына көз салсаңыз, Бұқар жырау, Абай, Шәкәрім,

Ахмет, Сұлтанмахмұт, Мағжан және басқа акындардың өлеңдері өз аттарымен берілген. Бет сақталмауына байланысты ескертулер беріліп отырған. Мысалы, Абайдың

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» атты өлеңінің екінші шумағында ескерту: 5-6 жол мұнда жазылмаған деп көрсетілсе, екінші бір тұста ескерту: «Бұл өлеңнің аяғы екінші өлеңнің басы жазылған бет сақталмауына байланысты келесі «Қартайдық, қайғы ойладық, ұшайды арман» өлеңінің жетінші шумағынан бастап келтіреміз», - деп өлеңді онан әрі жалғастырады. Міне, осы келтірілген мысалдан- ақ кітапты құрастырып, баспаға әзірлеушілердің өз істеріне қаншалықты жауапкершілікпен қарағандарын көруге болады. Ал аттары жоғарыда аталған акындардың өлеңдерін Мәшһүр жинағына енгізудің қажеті бар ма еді деген сауалға Галекең шығармаларын қамтып кетуге тырысқандығы әдебиет пен өнер, ғылым биігіне жарқырап шыққан жұлдыздардың алдағы өмірлерінің қиынға соғарын айқын сезінгендіктің белгісі секілді деген талас тудырмайтын уәж айтады. Кейбіреулер кейбір жазбалардың авторы, жазған жылы жоқ деп мәселе көтереді. Солардың көпшілігі ауыз әдебиетінің жазба әдебиетінен ерекшелігін естеп шығарып алғандай. Ол кезде кім міңімені немесе өлеңді қағазға түсіріп отырған. Болды дегеннің өзінде байтақ далада тым сирек еді,- деп жазады. Галекең Осы орайда автордың Мәшһүрдің шығармасын талдау барысында, оған қарсы пікір білдірушілерге жауап беру барысында асқан ұстамдылық, біліктілік танытады.

Мәшһүрдің тарихқа, жағрафияға, ғылыми тақырыққа жазған дүниелерімен қатар қазақы әңгімелерді, шешендік сөздерді жинаудағы еңбегі ұшан-теңіз. Ғалым өз таңдауына солардың ең бастыларын өнеге еткен. Сонымен қатар оның шығыс елдерінің өнерімен байланысын өз еткен де осы саланы зерттеуші Ертай Жүсіповтың, Гүлнар Жүсіпованың еңбектеріне жүгінуі, сілтеме жасауы Ғалымбектің қиямынан туған тапымдық материалдардың мазмұнын байытып, тақырып аясып кеңейте түскен.

2.8 Адам сол...

Әдебиетші ғалымдардың пайымдауына, аңыз- ертегі- еншілес ауыз әдебиетінің бір саласы. Оны ертегіге телулеріне аңызда қиял ғажайып оқиғаның шындықпен қосарлана өрілуі себеп болса керек. Мұнымен қатар, аңыз негізінде әңгіме, кейде өлең-жыр түрінде болуы мүмкін деген -екі ұшты пікір де айтылып калып жатады. Дегенмен, аңыз кейіпкерлері нағмылы өмірде болған жандар. Олар Асан Қайғы, Қорқыт, Жиренше, т.б. Бұл аңыздардан басқа Ұлы төңкеріске дейін қазақ даласында діни тақырыптардағы аңыз әңгімелер де аз таралмаса керек. Олай дейтінім, әкем марқұм (молла болатын) қыстың ұзақ түнінде араб әрпімен басылған кітаптардан аңыз әңгімелерді өзі оқып, мазмұнын қазақшалап айтып отыратын.

2005 жылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Павлодар қаласында «Шайтанның саудасы» атты таңдамалы өлеңдерінің 1- томы басылып шықты. Сегіз бөлімнен тұратын аталған кітаптың беташар бөліміндегі «Аңыз өлеңдері» топтамасын қызыға оқып, танысу барысында күдіреті күшті бір Алланың жер мен көкті жарату барысында пендесінде ұсынған Гибраттың айқын аңғарғандай әсер аласың.

Екі күн-жер, күн көк жаратты,
Бір-біріне екеуін жұп жаратты-

дей келіп ақын:

Бір сағатта қылуға құдыреті бар,
Пендеге гибрат болсын деп жаратты,- деп

түйін жасайды. Осындағы ақынның «бір сағатта қылуға құдыреті бар» деген сөзінің астарына үңілер болсақ, қас пен көздің арасында жер жұтқан қалалар, отқа оранып, күлге айналған саусақтың саласындай мүлгіген ормандар ойға оралады. Мұның барлығы да кім қалай түсінетініне қарамастан Мәшекең айтпақшы «Құдайдың құдайлықпен қылған ісі» екені талассыз.

Ақын одан әрі «Сабырдан сабақ берген білген жанға, асығыс пенделерім қылмасын», -деп жалғайды. Тек... Сабырдан берілген сабақты біз пенделері ұқтық, асығыстық қылмадық, -дей алар ма едік. Жоқ. Алысқа бармай-ақ күні кешегі «атақты» маскүнемдік пен алкогольизмге қарсы күресгі-ақ алайықшы.Қаншама жүзім ағаштары оталып, қаншама адам өмірлік кәсібінен көз жасып, ырзығы мен ырысынан шектелді. Ең сорақысы жүздеген, мыңдаған адамдар техникалық спирттен әртүрлі сурағаттан ұлапып, көз жұмды. Осының өзі сәл байышпен қарап, үңіле ой жүгіртсек «Сабырдан сабақ алмаудың, асығыстық қылудың салдары емес пе?

Жер мен көкті жаратушы күдіреті:
Ірік, ықтияр өзінде көкпенен жер,
Ай мен күн бұл кеңеске сендерде кір.
Тау мен тас толқып жатқан дария сулар,
Көремін алаламай бәріңді бір.
Мен қинап ешбірінді зорламаймын,
Тозаққа түсірем деп торламаймын.
Біріңді артық, біріңді кем көрмеймін,
Бәрі өз мүлкім, жасытып қорламаймын.
Қысылып жарлық сөз деп қалма дейді,
Сақтауға бір аманат не болып,
Ішінде бір талапкер барма,- дейді.

Сонда адам, шадыма шаттыққа бөденің-Аманатыңды әкел де,
аркама қой,-деген кесікті сөзін айтады. Ақын адамның осы шешіміне-
көк пен жер, ай мен күн, тау мен дария,Адамның адамдығына куә
болып, көздері көргенін жырға қоса келіп, Алланың адамға деген
аяушылығы оянып, оған ғылым мен ақылды бергенін «Бәрін бұған
күлак кесті күл еткенін» баяндайды. Содан да Адам ата жаралған
жұма күнінің қадірі артықтығын, абзал болғанын сыр етеді. Тек ақын
«Жан мен сауал аңызға сөз болмағанмен» екінші бірі адам
саналмайтынын еске салады. Өзіне сөз берсек:

Есектің де байқасаң жаны бар ғой,
Деп айтпайды оны ешкім «жануар ғой»,
Жұрттың көбі «есектей» адам-дейді,
-Айдап жүрген –деу менен малы бар ғой»
... Текеде де сақал бар, көр нанбасаң,
Соныменен кәнеки, болды ма адам?!
... Тоты құста сөйлейді үйренумен,
Қандырады о дағы құлак құршын.

Ақын адам сол: “ Адамдығын жұрты көрсе»,- дей келіп,
нікірін мына төмендегі жолдармен айшықтай түседі. «Кем-кетік, жоқ-
жітікке қарайласаң, ашты тойындырып, жалаңашты киіндірсен,
сөйтін,қылған ісінді тәңірім сүйіп, көзіңнің жасын исе, басқаға бір
өзіңнің пайдаң тисе, сонда ғана Адам деуге лайықтысың. Осы орайда
ақын «Адамның күні-адаммен екенін» қадап айтады. «Сынау үшін
жаратқан бай, кедейлі: Бір-біріне салсын-деп көздің қырын». «Жетімді
жексұрып көрме, тіленшіні телміретпе, қарішпенен касерге қайыр бер,
жұма сайын үлестіріп айлығынды-жұрт көзіне түсір-байлығынды деп
насихат етеді.

Алыстағы бір талай кәріп (ғаріп) аштыққа ұшыраған, соларға
басқа жұрттан көп қайыр барып жатыр. Сол игілікті істен қалыс-

қалсаң қор болып қазақ атың жойылар, сенде почта мен ақша жібер-
дей келіп, күдай үшін аштарға жылу бер,-деп үндейді.

«Лйт!-деп мені жұмсаған хақ тағала,
Кел осыған көмек бер, катын-бала!
... Көбің көпше қайыр бер, азық-аздай,
Бата бермей жалғанға батпақ саздай,
Көп ішінде көзге түс қоңыр қаздай.

Мәшекеннің бұл үндеуі өз заманында, дәуірлестерінің тарапынан қаншалықты қолдау тапқаны беймәлім. Дей тұрсақ та оның Алланың адамға берген аманатына адал тек ислам тарихы ғана емес жер жиһан тарихының терең білгірі, гуманист екендігі күмән тудырмайды.

2.9 Наидың ба көріп мұны көзіңменен...

-Бұл Мәшһүр Бұхар барған, Қокан барған, ойы бар: кетсем деген одан да арман. Түлеген аққу құстың қанатындай, жерінде жүрген тұрған сөзі қалған,-деп Мәшекен талапты жанның санасына сәуде төгер, ізгілік пен жауыздық жеңісе алмай жағаласқан, имандылық пен арысздық алпарысқан аласапыран тіршілік теңізін кешіп жүрген ұрпақтарына дұрыс бағыт-бағдар сілттеп, жол нұсқаған ойлы сөз, келелі кеңес қалдырған. Соның бірі Сүлеймен мен Ібіліс аңызы. Бұл пайғамбар тек Сүлейменмен, патша Сүлеймен туралы сөз. Ақын оның биік параса тып, темірдей тозім, берік ұстанымын сөз ету арқылы адамдық асқақ бейнесін жасаған.

Ақыл малда көрік-шырай көмейде екен,

Бұл сөзін ешкім бекер демейді екен,

Еңбексіз халал емес ішкен ас деп,

Тағамды патшалықтан жемейді екен,

Ас қылып содан қорек татады екен.

Өзінен онан басқа жемей тағам.

Сабыр қып ашта болса жатады екен,- деп кейінгіге ой салар, гибрат алар үлгі ұсынады. Өзі пайғамбар, өзі патша бола тұрып, зәңбіл тоқып, базарға апарып сатуы, ең бастысы еңбексіз ішкен ас халал емес деп жар сатуы ауырдың асты мен, жеңілдің үстімен жүріп күн көруге тырысатын арысз арам тамақтарға ой салғайда жеңілдің үстімен жүріп күн көруге тырысатын арысз тамақтарға ой салғайда.

Берді деп патшалықты ойламаймын,

Білігін бір шайтан лағын бермегенге.

Бұл пайгамбар так Сүлейменнің Аллага айтқан арызы. Оған Алла «Сол итгі билегенде не қыласың, ойлайсың болады деп кімге тұлға» деп жауап қайтарады. Алайда пайгамбар:

Сен мені қойдың жұртқа патша сайлап,

Алдыма салып жүрмін бәрін айдап,

Билігін Ібіліс лағын берсен маған,

Тас қылып қойсам деймін мықтап байлап,-деп өтінішін білдіреді. Диалог түрінде жалғасатын жырдан Алланың пайгамбар так Сүлейменнің өтінішін зор ықылас, мейірбан көңілмен тыңдап тіпті оның артық-ауыс сөзіне кәріп төкпеуі, қайта оған:

Жетпей тұр бұл араға сенің көзің,

Шайтанды босатпастан қойсам байлап,

Жүресің өле жаздап аштан өзің,-деп жыны жауап беруі бұған айғақ.

Сүлеймен: Жараттын оны неге әуел бастан,

Ағамыз адамзатқа қылған қастан.

Сенен бір сұрағаным билігін бер,

Қояйын оны байлап өлсемде аштан.

...Алла Сүлейменнің тілегін беріп, Ібілісті желге ұшырып әкел деп бұйрық бергізеді. Шайтанды әдегенше байлап қойып, өпін алып, қинауға құлшына кіріскен сәтте өзіңдей басы жұмыр пендесіне әр түрлі ерік берген құдайдың күдіретіне іштей қайран қалып, сырттай сүйсінеді. Тәубаға келеді. Ежелгі әдетімен талдан бір себет тоқып, сатып тамақ қылмақ болып базарға беттейді.

Мұнан әрі ақын базарда қыбырлаған жалғыз жан жоқ екенін айта келіп, пайгамбардың «Бұл қалай кеп болды»-деп қайран қалғанын баяндайды.

Тамаша көз жіберді әрбір жаққа,

Қызығар бір пенде жоқ мал мен баққа. (қылып тұр тәңірім оны сықамаққа),-деп бұл кептің бәрі Алланың еркіменен, бұйрығымен болып жатқанын ұқтырады. Еш нәрсемен шаруасы жоқ, тірліктен баз кешіп, шарт жүгішпен жас пен кәрі бірқұдайға жылап жалбарынуда. Ақыры Сүлеймен «Құдай білдірсеңші бодым гой таң»-деп, бір Аллага жүзін бұрады. Сонда Алла:

Мәнісін мұның саған айтам енді,

Бұларды өз қалпына қайтар енді.

Әркімге әрбір түрлі іс қылғанда,

Түрткілеп «бол-бол»дейтін шайтан еді.

...Шайтанды өзің байлап қойғаннан соң,

Байланды бүгін істің бәрі қалып.

...Бейхықмет ешбір нәрсе жаратпадым.

Шайтансыз асылы дүние болмас,-деп мән-жайдың астарын аша түседі. Осы жайларды баяндай келіп ақын біреудің шаруа, біреудің сауда жасайтынын, шайтан жаудында бос қалмайтынын адамзатты аздырып, әркімге әрбір қиял (хиял) салатынын ескертеді.

Осы орайда «Аңыз анасы-ақиқат» дейтін Ғабит Мүсіреповтың қанатты қағидасы ойға оралады. Біз сөз етіп отырған аңыздар да сол ақиқат ауылынан алшақ қонбаған сынайлы. Мұнда адамның ұлылығы мен осалдығы (пенделілігі) өзара астасып, әсем көрініс тапқан. Оған патша тақ Сүлейменнің Аллага өтініш жасауын- адам ұлылығы деп қабылдасақ, Алланың айтқан уәжіне тоқтамай, шайтанды «тасқылып байлап қоюы»-пендешілік нышаны емес пе?

Адамзат тарихында ұлылық пен пендешілік қаншама рет бетпе-бет келді десеңші. «Сүлеймен мен Ібіліс»оқиғасы соның бірі-Адамды ойға бастар, пендешілікке қарсы бой көтеруге шақырған ұлы үндеуі дер едім.

2.10 Ақсақалы айтысатын қызбенеп...

Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, оның келер ұрпақ үшін баға жетпес қазынаға айналуына ақын ғалым, тарихшы, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы Мәшһүр жүсіп Көпеевтің қыруар еңбек сіңіргені белгілі. соның ең бастыларының бірі айтыс үлгілері. сол үлгілерінің біразы мәшһүр жүсіп шығармасының 6 -томында топтастырылған екен. ұзын саны 25айтыс қысқа қактығые үлгілері қағытпа, сөз қағысу тәжікелесу, сайыс, қызбен айтыс, келін мен қағысу қалыпты айтыс, үлгілері деген бөлімдерге жіктеліп берілген. қағытпа тәжекелесу, сайыс көлемі шағын көбіне әзіл- әжуаға құралады. мәселен көтеш пен күнекей қағытпасы. Қуандықта: алтай – қарпық байдың қызы күнекей ақын мен көтеш алып айтысқанда.

Күнекей: ұранымды сұрасаң Алтай –Қарпық,
келген аттын бәйгелен бауыр еті артық.
шашым менен шашбауым жамбы көтім,
екі емшегім жігіттен әлі де артық.

Көтеш: кйімде жаға менеп жең бар деймін ,
айтысып менімен нең бар деймін.
шашым мен шашбауыңа сақал мұртым,
ол тесікке бір тығын тең бар деймін.
емшегіне екі иінім тура келсе,
осы менеп үйіңе жол бар деймін-деп аяқталады.

мұндағы, қот ол тесікке бір тығын сөздері біздерге анайы көрінгенмен Көтеш пен Күнекейдің ұлы сөзде ұяттық жоқ деп білген замандастары бұған анау айтқандай мән бермеген. ақын Қадыр мырза -Әли :

ақсақалы айтысатын қызбенен
ақын халық екенбіз біз деген –дегенде міне осыны айтса керек.

Қарауыл: Орынбай ақын жаңа түскен жас келінге,

Ақ емес, қара емес торы келін,
Адамның өзі теңдес зоры келін.
Адамға ұят абырой мұнан болмақ,
Арасын екі аяқтың қоры келін.

сонда өзінен жасы да, жолы да кіші баласындай келін:

Ақ емес қара емес мен бір торы,
Адамның өзім теңді болдым зоры.
Мен сақтап осы жерге аман келдім
Ендігісін қайнаға өзің қоры – деген екен.

«ақ бала мен боздақ» шортапбай мен орынбай, жапай мен түбек т.б.айтыстары калыпты айтыс үлгілеріне жатады. осылардың арасында біз шөже мен кемпірбай үлбике мен жаңгас айтыстарына аздап аялдап сөз қылмақпыз. сөзді мәшһүр жүсіптің « өлең болса, айтыс болса, осы екеуіңдей болсын» деген бағасынан бастайық. Сақау мен тоқжан айтысы расында да жібектің қиығы, алтынның сынығы дерлік күнды дүние екен.

білетіміз біреу, білмейтіміз қаншама десенізіңі не бір көздің жауын алып, сары алтындай, ой ұялатағын осындай дүниелерді жйып, теріп ұрпағына олжа салған Мәшһүр жүсіп бабамызға рахмет айласын, дей отырып енді бетті айтыстың өзіне бұрайық. Оқырманға түсінікті болу үшін азғана мағлұмат бере кетейік сақау мәшекеннің жазысына қарағанда баянауылда жатақ, жатып саржан сатып күн келеді екен. анда-санда аңсары ауғанда ұрлықта қылады екен, ал тоқжан- қара кесек қызы, әкесі самай үштің біріне қосылған байдың қызы.

Сақау:қыз тоқжан жақсы болсаң қарындасым,

жамап болса азабың арылмасын.

қос атпен қызылтаудан сақау келді,

ақмарту айтысайық қатар басып.

осы арада сақаудың қос атпен қызылтаудан сақау келді деп отырғаны бұдан бұрында сақау тоқжанмен айтысып жеңіліп қалған екен. жеңілгенде торайғыр бидің тоқжан жеңді деген билігінен аса азмаса керек. сүйтіп жүргенде тоқжанды жаз шыға ұзатады деп естйді. содан бір елге қатып болып түскен соң жеңген жеңілгенімнің

не сәні бар, өз елінде он жақта қыз күнінде айтысып қалайын деп бір атты мініп, бір атты жетегіне алып қос атпен қызылтаудан жеткен беті екен бұл. тоқжанын: келгенін әдейі іздеп мен болсам кедей құлым, берейін асықпай тұр сыбағанды депті. тұтқиылдан ұзатылу тойының үнінде тап болған сақау өліспей беріспейтінің айғақтайтындай солай болады да.

Ай сақау, жақсы болып, жай білмейсін,

Бойына ине жіптей бір ілмейсін.

Жағанла екі қолым қияметте,

Қойныма бойдақ болып бір келмейсін деп –сақауға кінә арта әзілдейді.

Сақау: биыл қыс біздің жақта жаман болды,

Жылқы –отарда қолдағы ат шабан болды.

Жақсы болсан қойныңа келмесе едім,

Мұрным кейкі, сипатын жаман болды.

сонда тоқжан жарық әкеліндер мұның өзі қандай екен десе керек. қай айтыста болмасын ақынлардың түр сипатына (портретіне) тоқталатыны әуелден бар. тек соларға нақтылықтан гөрі өсіре сөйлеу басым. ақиық мұз балақын жерге түспес, кең қолтық арғымақпын алқымы іспес. не болмаса мойыным сұңғағындай жүзген қудың, лебізім шырындай шәрбәт судын. (біржан мен сара айтысы) сақау: шықшытты алқымым тоқ орайлымын, болғанда қарыным жуан,шойдалымын.деп нақтылы өз бейнесін жырға қосады.тоқжанның: мен тоқжан,сен сақаудың заманында – деуінен түрсіпаты аса келісті болмаса да, өз бағасын білетінін анық аңғартады. осы айтыста бір талай игі жақсылардың тарихи тұлғалардың аттары аталады. соларға байланысты кейбір тарихи жайлар сөз болады. айтыстың түйінді тұсы тақалған шақта

Айтады сақау өлен екі талай,

Жүреді сері бойдақ көштіп жаман.

Қиулап хиуадан өте шықты,

Алшеке –ау,мына сөздің мәнісі қалай –деп тойға арнайы балаға батасын беріп,аттандырғанның ішінде болсын деп шақырылған алшынбай биге жүгінеді.

сонда сақау.

Адамның бермесіне түнілмеймін,

Ешкімге көзім сүзіп үнілмеймін.

Жүгінсең бұл тазына өзін жүгің,

Мен емес даулы кісі жүгінбеймін.

Деген екен «мен емес даулы кісі деуі арқылы өзінің жеңісіне күмәні жоқ екендігін, бидің алдына бұл үшін жүгінбейтіндігін және бидің бекерден-бекер билік айтпайтынын елдің есіне салады.

Ұлбике мен Жанкелдінің айтысына аздап тоқтала кетейік. Жанкелді Ұлбикемен көш жөнекей әлденеше рет айтысады. Бірақ үнемі жеңіліп қала береді. Мәшекеннің жазысына қарағанда Ұлбике байдың қызы, Жанкелді кара қасқа кедей. Сөзді Жанкелді бастап Ұлбикеден өлеңмен Көкөзектің кешуін сұрайды. Ә дегенде – ақ ойы ұшқыр Ұлбике «Жылқын өтпей бара ма жазған кедей, кешуін Көкөзектің менен сұрап» деп Ұлбикенің арына жабысып, тіл тигізеді. Ұлбике «Жақсы болсаң Байтал деп айтар ма едің,» - деп әдеп сақтай сөйлейді. Тек Жанкелді:

А, Ұлжан кедейлігім жасырдым ба,
Мен саған «кедеймін» деп бас ұрдым ба?
Кісіге қарап тұрған соқтығасың,
Үстіңе қолденеңнен асылдым ба?! – дейді екпіндей

сөйлеп.

Сол сәт табан астында тауып айтатын ойы ұшқыр, тілі мірдің оғындай Ұлбике мейманасы асып, асқақтап андамай сөйлеген ақын кұрбысын:

Кедейлігің неге айтпайсың жасырмасаң
Алдыма неге келдің бас ұрмасаң?!
Қыз түгіл сен шіркінге қатын қайда,
Сиырға бұқа болып асылмасаң? – деп жеңіп кеткен

екен.

Ұлбике мен Жанкелдінің айтысы әрине Біржан мен Сараның, Жамбыл мен Айкүмістің айтыстарынан көркемдік дәрежесі көп төмен екендігі талас тудырмайды. Дегенмен айтыс өнерін пір тұтып жүрген айтыс ақындары үшін бұл айтыстың да ой салар тұсы, ұсынар өнегі аз емес. Оның ең бастысы - әдептен озбау, маржан сөзді арзан сөзбен былғап, дорекілікке жол бермеу, ұятқа қалмау.

2. 11 «Ашылмас оқымасқа көз бен қабақ»

Қазақтың ағартушы демократтары Шокан, Ыбырай, Абайлардың ізін ала шыққан Мәшһүр Жүсіп Көпеев-ұлы ұстаздарының ісін сәтімен жалғастырды. Мәшһүр Жүсіптен қалған мол мұраны талмай зерттеп, зерделеген белгілі ғалым С. Дәуітов «М. Көпеевтің өз шәкірттеріне берген аса маңызды тәрбиесі -ғылым жайында еді, - дей келіп, оның әркім өз жанын тірілтуді, ғұмырын ғылым-білімге сарп қылсын. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылған пенденің жаны тіріліп сыйлы болады» деген пәлсапалық тұжырымын көлденең тартады.

Аталған тұжырым ғұламаның өмірлік ұстанымы болғанға ұқсайды. Сондықтанда ол ғұмырын ғылым-білімге сарп қылған.

Мына жарық дүниеде тірі аламдардың қатарында бола тұра «жаны өлік жан есепті» пенделерге білім рухын шашып, білім бастауынан сусындатқан. Сөйтін, Жаратқан иенің пенделеріне берген ұлы сыйы - ғылым-білімнің жарық сәулесін «қара та-нымай бүлдірап тұрған дүниенің» ұнғыл-шұңғылына түсіріп «жаны өлік» жандардың көр соқыр көңілдерін оятып, көздерін ашады.

Бір ғажабы Мәшһүр Жүсіптің балаларды ғылым-білімге шақыруы Ыбырайға да, Абайға да ұқсамайды. Өзіңдік ой, тұжырым өрісімен ерекшеленеді. Мәселен, Ыбырай Ал-тынсарин өзінің «Кел, балалар оқылық» немесе «Өнер білім бар жүрттар» атты өлеңдерінде оқудың пайдасын тәтіпштей түсіндіріп, «оқысаңдар балалар, шамнан шырақ жағылар» дей келіп, мал-дәулеттің байлығы бір жұттан қалмайтынын, ал оқымыстының байлығы күннен-күнге артағынын айтады. Ыбырай Алтынсарин мұнан әрі сауысқанның тамағынын шокуменен табылатынын, ал өнер-білімнің оқуменен табылатынын сөз етеді. Өнер білім бар жүрттардың арбаны мың шақырым жер-лерге күп жарымда барғызғанын, адамды күстай ұшырғанын. Бір сөзбен техникалық прогреске иек артқанын әдемі бейнелей келіп, «ат өнері білімбес, бәйгеге түсіп-жарыспай» дейді.

Ыбырайдың қазақ балаларын оқуға, білімге шақыруын жа-зушы Сәбит Мұқанов: «Абайдан Ыбырай тереңірек кеткен... Ыбырай «оқыңдардың» үстіне, сол оқуға қызықтырудың әлісін таба білген» деген де біз сөз еткен жоғарыдағы жайларды не-гізге алса керек.

Әйтсе де, біздіңше қырда өмір есігін ашқан қаршадай қазақ баласы түгіл, ат жалын тартып мініп азамат атанған «ата сақалы аузына бітсе де» ауылдан сүйем қарыс аттан шықпаған көрсоқыр, қараңғы жандардың Ыбырай жырлаған жоғарыда-ғы жайларды біле, ұға қоюы екіталай. Ыбырайдың «бі.пенделерге осылар бәрідағы анықтай. Білмегенге танықтай» деуі содан болар.

Сондықтан да болар ақын алғашқы өлеңінде «сауысқанды», кейінгі өлеңінде «атты» көлденең тарту арқылы баланың қозалдына етене таныс өмір суретін әкеліп, бала ұғымына сай сөйлей отырып, «кел, балалар, оқылық, оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық» деп нығарлайды.

Ал, Мәшһүр Жүсіпте мұның бірі жоқ. Ол өзінің «Жалқаулар туралы айтқаны» атты өлеңінде «Балалар, жалқау бол-май оқы сабақ» деп балаларды оқу, білімге шақырады. Ақынның балаларға «жалқауланбай сабақ оқы» деуі олардың үлкендерден күнделікті естіп, құлақтары үйренген ескертпе-лерімен үндес екені шындық. Тек өлеңнің екінші тармағында «Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ» деген жол ақынның айтар ойың, түйінді сырын астарлап жеткізетіндей. Олай дейтініміз әдетте қазақ ұғымында «көзі ашылды», «көзі ашылмады» деген сөз тіркестері терең астарлы мағынаға ие. Оның алғашқысы адамның жанын жеті құрттай жеген не сырқатынан, не пәле-жаладан, не қайғы-қасіретінен, не бейнетінен айрылып «көзі ашылғанын» білдірсе, соңғысы істің бұған қарағанда бағытта орбігенін таңытады.

Ақын мұнан әрі балаларға «көз бен қабағы» ашылуы үшін тура жол, сара бағыт ұсынады.

Балалар жалқау болма шабан тартып,
Ілгері үмтыла бас, күн-күн артып.
Арканы кедейліктің еріншектік,
Желкеннен жібермейді мықтап тартып.
Қапрат қып, жалқаулықтың жібін үзіп,
Көрген жап түнілмесін күдер үзіп.
Бойыңа жалқаулықты үйір қылсаң,
Жүрерсің көрінгенге көзің сүзіп, -

дей келіп ұйқыңды бөліп, ертеңді-кеш, мал көзде деп насихат айтады. Тілалғыштық, елгезектіктің табысқа бастайтынын, кежірліктің кесір екендігін, кері кеткенге кедейліктің үйір болатынын тіліне тиек етеді. Жалқаулықпен жағаласуға, еңбек ету-ге, кедейліктен сақтануға шақырады. Осы орайда ол Абайдың «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген тереңмазмұнды, қанатты қағидаға айналған, ой толғамына қосар үшін сабасынан аспай, сабырлы жеткізеді.

С. Дәуітовше айтсақ «Еңбек етпейтін, сыбай-сылтаң жүрісті жаңдарды ұрыспай, сөкпей, тілдемей жай ғана сыпайы сөзбен ұялтып қызартады. Оларға «мынадай бол, бұлай істе» деп те ақыл айтпайды».

Олай болса Мәшһүрдің ақындық шеберлігінің бастау көзі айнала төңірегін қоршаған жандарға мейірбан көңілмен кешіріммен қарап, нені болсын ақыл-таразысына ғарта білуінде. Ұлттық тіліміздің «мәйегін» мінсіз игеріп, тіл ұстартудың қырысырына талмай үңіліп Шығыс, орыс әдебиетін терең меңгеруінде жатыр.

Мәшһүр өлеңдерінің айрықша қасиеті деп табылған қайран қалдырар қарапайымдылығы өмір шындығын «барды бар, жоқты жоқ» деп шынайы бейнелеуі, бедерлеуі ақын өлеңдерінің қай кезде де бағының төмендеп, бағасының азаймауына бірден-бір себеп болғанына шүбәсіз сенесіз.

3. Асыл мұра ту болып желбіреді

3.1 Ұтпаса ұтылмас еді

I

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы 05.05.04 жылы университет ректоры Ерлан Арынның бұйрығымен құрылды. Оны басқару Ш.Уалиханов атындағы Гуманитарлық ғылымдар саласындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Айтмұханбет Қасымбайұлы Тұрышев мырзаға жүктеледі. Содан бері мұнда бірталай істің басы қайырылған екен. Осы орайда әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі А. Қ. Тұрышевтің «Мәшһүр – Жүсіп қолжазбаларындағы ислам мәдениеті» жинағына жазған «Алғы сөзіне» көз жүгіртіп өтелік. «Орнне, 2004 жылы құрылған орталық бұрынғы орталық емес. Мәшһүртанушылар-дың қатары күн сайын өсуде. Студенттер, бакалаврлар, магистрлар диплом жұмыстарын жазып жатса, облыстық мектеп оқушылары ғылыми жоба жазуға ынталы болып жатыр... Орталық жетекшісі Жүсіпова Лаураның жетекшілігімен жазылды», – делінген. Осы айтылған игілікті істің кейбір нәтижелерін көзбен көріп, қолмен ұстап отырмыз. Университет Мәшһүр танушыларының қаламынан туған 5 томдық монография, 3 томдық оқу әдістемелік құралы міне соның айтағы. Алғашқысының авторы

А. Қ. Тұрышев Мәшһүр – Жүсіп шығармаларындағы заттық мәдениет, рухани мәдениет, мифологиялық мәдениет, рухани мәдениет, мифологиялық мәдениет лексикасы, метрологиялық терминдер, этномәдени аспектісі мәселелерін қарастырса, Қ. Қ.

Талқанбаева 3 томдық еңбегінде «Мәшһүр – Жүсіп көл жазбаларындағы ислам мәдениеті» тақырыбын өзек етіп алған. Әрине, жоғарыда аты аталған мол дүниені толық меңгеру мүмкін емес. Бәлкім, оның кез келген адамға соншалықты қажеті де бола қоймас,

өйткені ғалым Тұрышев Мәшһүр Жүсіптің қазақ әдебиеті мен тілін сақтауға, дамытуға қосқан үлесін жеке дара қарастырмай, оны Дулат, Абай, Шәкәрім еңбектерімен шендестіре салыстыра қарайды. Сөйте келіп Абай мен Мәшһүр Жүсіп Көпеев арасындағы шығармашылық байланысты дәлелдеуге күш жұмсайды. Осы орайда біздің қалам ұстаған ағайындардың Абай мен Мәшһүрдің жүз көрісіп, диларласқанына күмән келтіретіні. Ел арасында кеңінен тараған Абай Мәшһүрден «күдай қайда?» деп сұрағанда ол жүрегін көрсетіп,- әркімнің күдайы жүрегінде деген екен,- деген әңгімені шындықтан алшақ жатқап аңыз екен деп жүргені ойға оралады.

Ал академик жазушы С.Мұқанов Абайды орыс чиновниктері тексергенде қағазларының арасынан Мәшһүрдің жазған хаты шыққанын жазды. Мұның өзі қазақтың қос тұламасының бірін-бірі сырттай білгендігінің бұлжытпас айғағы емес пе. Жә, Тұрышевқа жүгінейік, «Абай туралы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің газет бетіндегі ең алғашқы мәліметі» «Дала уалаяаты» газетінің 1890 жылғы саңында жарияланғанын айтады. Мұнан әрі автор Мәшекеңнің бұдан бұрын жарияланған бір мақаласына Шақшаң болысының қазағы Әлібай-қашығалы руынан Сәрсекей Артықбаев деген әлдекімнің сынға алып фельетон жазғанын баян етеді. Әсіресе оған Мәшекеңнің молда туралы жазғандары ұнамайды екен. Көп адамды ойы мен ақылының жетпейтінін көзге шұқиды... қырғыздар мен орыстар Құнанбайды жақсы білген, ал автор болса оның ұлып (Ибраю-Ибрай) сыни көзбен қарайды деген пікірін келтіре отырып, Тұрышев М.Ж Көпеевтің жазғандары әркімге ұнай бермеген, сауатты қыр қазағы әр уақыт үн қосып, өздерінің ойларын айтуға құқылы болған. Газет бүгінгі күнге қарағанда демократты болған деген түйін жасайды. Ғалымның ойына ой қоса кетудің артығы болмас. Жоғарыда айтылғандармен қатар Мәшекеңді сынға алған автордың көп адамды ақылы мен ақыл-есінің жетпейтінін көзге шұқиды, жатақтардың өмірін сынайды деген пікірімен әсте келісуге болмайды. Өйткені Мәшһүр-Жүсіп кедейді, керенаулығы, байды келер күнді көріп білуге шамасы жетпейтін ойсыздығы, надандығы үшін сынап, оқу- білімге, сергектікке шақырып отыр ғой. Ұлы Абай «Бірінді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос»

дегенде жалған намыстың туын желбіретуді емес, шынтуайтындағы жанашырлықты айтып отырған жоқ па «Жауырды жаба тоқу» қай кезде де жақсылыққа жеткізбеген. Ғалым ақын немересі ф.ғ.д профессор Қуандық Жүсіптен расында да Абай мен Мәшһүр Жүсіп туындыларын зерттегенде екі ақынды тақырып орайластығы, идея айтудағы төркіндікпен қатар бейнелеу құралдарын жетілдірудегі сарындастықты т.б. көреміз деген дәйектеме келтіріп, мұнап әрі өз ойып тарихи дәуірдегі бұл мәліметтер арқылы Абай мен Мәшһүр Жүсіп бірін-бірі білген, өте жақын таныс болған деген қорытынды шығаруға болады. Абай бес дұшпанға өсек пен өтірік, мақташпақ, еріншек, бекер мал шашпақты жатқызса, «Мәшкекен төрт асыл іске: жаратқан Алла тағаланы бір деп білмек. Тіл менен, сол тілдің бір дегенін шын деп көңілге алу, он екі мүшесін құдайдың құлшылығында қылу, пайғамбар сенетін орынға келтіру, бес береке: уақытымен оқыған намаз, малайғыны сөз деп бой бағу, зікүатуға Қайырхасен, екі аяғының арасына ие болу, құдайға және халыққа қылған аманат уағадасында қалу.» А.Тұрышевтің Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы метрологиялық терминдер кітабынан алынған. Осы үзіндіден-ақ жоғарыда Қуандық Жүсіп сөз етіп отырған тақырып орайластығы, идея айтудағы төркіндік мен мұңдалап тұрған жоқ па. Соның жөнін тауып жіліктеу, ебін тауып іріктеу үшін зерттеуші ғалымның сарыла, сабыла ізлегені көрініп тұр. Аты аталып отырған ақындардың төртеуі де өз шығармаларында қазақ жеріне еңдей еніп, ендігі тағдырың біздің қолымызда деп оқ боратып қылыш үйіре келген орыс отаршылдарының ханлық өкімет аға сұлтан, қызметші жатақ, помещик, дворянин, фабрикант, старшина жандарал тағы да басқа да қилы-қилы сөздермен бедерленеді. Зерттеуші ұлттық киім әлеуметтік тенсіздіктің құралына айналып, ұлттық өлеңге саясаттың бояуын қалыңдатты дей келіп, мұжық кеп, қара шекпен крестьян жерінді қылмады ма тілім-тілім (Мәшһүр-жүсіп); соны айтып тамам мұжық ду жүгірді. Ұлықтың бәрі қашып, үйге кірді (Шәкәрім) мінекей келді мұжық көшкен бұлтай, қазақтың қояр емес жерін құртпай (Міржақып Дулат) деген мысал келтіреді. Автор Мәшһүр Жүсіп қара шекпенді крестьян тіркестерін кекету, мұқату мағынасында қолданады деген екен. Біздіңше, өлеңдерден үзінді келтірілген үш ақын да жерін тілім-тілім еткен. Көшкен бұлтай қазақтың жерін құртуға айналған қара шекпенді мұжыққа зығырдандары қайнап кектенеді Тек іш қазандай қайнағанмен күресуге дәрмен жоқ. Енді аз – мазырақ автордың Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы мифологиялық

мәдениет лексикасындағы /3- том Керекү/ Баянауылға қатысты талдауға тоқтала кетейік. М.Ж. Косеев (35- б. 49.) бізге хабар жеткізген Құсайын мырза Баянауыл дуаны 1821 жылы ашылып, арғын елінің әкімшілік орталығы болған Жаңа пизам шығуымен мекеме Керекүге, біразы Қарқаралы дуанына қарады, –деген Құрбанғали халидтің дерегін қоса келтіргенді жөн саналық дейді. Баянауыл десек те «Қосылғыштардың орны өзгергенмен қосынды өзгермейді»,– дей келіп сөздің түбір тұлғасы бай екендігіне дәстүрлі принциптің бұзылуына 1940 жылы орыстандыру саясатының салдарының «я» дауысты дыбысы енуі себеп болады. Сөйтіп й+а және й-у дыбыстары ығысып аяа» (ая) Баян (баян) болып қалыптасады... «Баянауыл» сөзінің мәні тереңде жатыр деп түйін жасайды. Өртүрлі аңыздарға арқау болып әріде Баян сұлуға байланыстырылып, беріде кей білгіштер Баян деп аталатын музыка аспабына теліп жүрген «Баян» атауына нақтылы ғылыми негіздеулі бірізгілікке бастайды және орыстандыру саясатының салқыны жер атауларына қаппалықты әсер етіп, зиян келтіргеніне көз жеткізеді. Исламға кең жол ашылған қазіргі кезеңде жұрттың қызығушылығын еселеп артырып отырғаны айдан анық.

Тұрышевтің «Мәшһүр – Жүсіп шығармаларының этномәдени аспектісі» атты еңбегінің 5- томында берілген «Баян өңірінде діннің тарихы» атты шағын мақалаға тоқтала кетейік. Автор опы тарихи эпикалық әңгіме жанрына жатқызады, әңгімеге қысқаша тоқталсақ. Онда Қоңырбай халфеннің Мұса мен Секербайдың данқына тәнті болып Сарыарқаға келіп мурит болып, халифалық құрған екен. Сонымен қатар үш ата қозған Шынқожа баласы шакпақты жалдап, өз үйі, қонақ үйінен басқа намаз оқу үшін 70 кез үй салдырғаны сол сияқты Шаншаң (дұрысы Шақшаң болар .С.Б) деген жерде Гайсабек ишан Мұрат Қожа баласы орпаң дін көтергені- сары Құсан баласы Қыстаубай, Абыз, Баянауыл қаласында Қамариден ахон орналасып Мұса мырзаның 49 жасында Мұқтасар, Лұқаяны оқып дәріс алғаны, Мұса Секербай бастаған Сүйіндіктің жасы- кәрісі діннің өркендеуіне көп еңбек сіңіргенін баяндайды. Бұл өзі туып өскен өңірде Ислам дінінің қалай тамыр тартып қанат жайғанын зерттеп білем деушілерге таптырмайтын дерек. Осы орайда Тұрышевтің сол әңгіменің өң бойынан теріп алған қазақтың байырғы сөздеріне тоқтала кетудің артықшылығы болмас. Ол жәдігердің тілі жатық дей келіп, қой жылы, жұт , шаһар- рухани этномәдени лексика; қу мешіп, жалған дүние, жұрт алдына түсіп, ертеңнен кешке дейін , қазан оттан түспейді- тұрақты тіркестер; газиз халфе, мурит, мұғжиза, диуана, зікір- діни

лексикалар; қасық, қой,сиса, құрт сары май, қарын пұт , кейіз, шапап, қазан, қазы-қарта, омыртқа, шәйнек, дорба- заттық мәдениет; перзенттері, ислам, басқалары етлер, кереметтері, һәм , башалап, ықыластылығы- шағатайлық әдеби норма екеніне назар аударады. Ғалым еңбегінен алынған осы сөздерді түгін қалдырмай көшіруіміздің себебі оның алдына қойған мақсаты- Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының тілін зерттеу мен оның ішіндегі этномәдени лексикасының қайнар көзін қаншалықты анықтағанына көз жеткізу «Теңіз суының дәмі тамшысынан білінеді» демекші осы тұстан аттың басын іркіп, кітапта Есен тентек туралы да сөз болған екен. Бұл кәдімгі Жетібайдың Есен тентегі «Итті жүзге, ешкіні мыңға жеткізе алмаған қарақесекке жерімді бастырмаймын», - деп жұрт көшіп асатұғын асуға тас үйдіріп, асатұғын жолды жаптырған, малын бақтырмаған. «Итке бұйырса, ит жесіп.Ұрыға бұйырса, ұры алсып , маған бұйырғаны болса, маған қалсын»,- деп көзі тірісінде аты аңызға айналған. Есен тентек Қызылтау, Желтау аясында өскендіктен болар, Есен тентек туралы әу- бастан ақ құлағымыз шалулы еді. Сондықтан да ғалым келтірген деректерге қызыға көз салдық. Тұрышевтің Мәшекеңнің осы еңбегіне қандай баға бергенін оқып- білгенше асықтық. «Оның шығармасының Мәшекеңнің осы әңгіме жанрына құрылғанын, оның ішінде шағын очерк –фельетон әңгіме десе болады», - деуі әңгіменің өзегінде осы айтылған әдебиет жанрларының элементтерінің бар екендігін тамыршыдай тап басқанын аңғартады. «Демек, фельетон аралық жанрдың алғашқы фундаментін де Мәшһүр-Жүсіп қалаған деуге негіз бар», - деп өте орынды айтылған. Әрине, монографияларда бұлардан басқа да таңдай қақтырып тамсантағып, оқыған адамның таңымын арттырып, халқымыздың тарихынан мол мағлұмат беретін, ұлттық ой-санамызға сәуле түсіріп, сөйлеу мәдениетімізді арттырып, сөздік қорымызды молайтатын дүниелер жетерлік.

Оны тегіс бастан аяқ сөз егуді уақыт қотермес еді. Айтқан ойымыздың бәрі айна қатесіз бе? Монографияда тіпті кемшілік жоқ па?- деген сауалға, ең бірінші, барымызға қуанайық, кеңінен талдауды, кемел пікір айтуды келер күннің ешкісіне қалдыруды жөн деп білдік.

II

Осы күні ұлттық тіліміздің төңірегінде сөз қозғамаған кім бар екен. Біріміз «Тіліміздің тамыры тартылып барады, құруға шақ түр», - десек, екіншіміз «Құрыса құрысын, бұл тіл бізді бәрі бір ұшпаққа

шығара алмайды», - деген пікірдеміз. Ал осы мәселеге байланысты Мәшһүрдің мына бір қысқа қайырымын оқып көрелікші. « Біз араб тілін білмейміз, біз сарт тілін білмейміз, қазақ тілінің өзін жете білмейміз, егер жете білсек, білген күз», - дегенді айтқанда, міне осы сынды талас тудырмайтып ойлы, терең пікірді негізге алған болар- ақ. «Түркі жұртына ортақ болған мұраны кім бұрын зерттеп, ғылыми айналымға түсіріп, жергілікті жердің мұрасы ретінде дәлелдесе сөз жоқ рухани мұра соныкі». А. Қ. Тұрышевтің «Мәшһүр – Жүсіп шығармаларындағы рухани мәдениет лексикасы» томының кіріспесінен алынған осы бір дәйек сөз. Бұл бағыттағы ізденістің бастау көзінің қай арпадан жүлге тартатынын айқындай түседі.

Ғылыми бәсекеден бастау алған – зерттеу жұмыстарының шығарма тіліне этимологиялық зерттеу жүргізу барысында ғалымның көптеген сөздерді туысқан түркі тілдеріндегі сөздермен салыстырып отырғанын көруге болады. Отбасылық мейрамдардың тілдік парадигмасы тарауынан бұл арада біз оқырманның ертеде сіңісті « қалың, қалың мал» сөздерін мысалға ала отырып, сөз қозғамақпыз. «Мәшекең – Мағұлым, Жәми Мұсаұлы Шормановтар қалыңсыз дәнеңе алмастан қызын берді». (Мәшһүр Жүсіп, 64) «Ерте азат болғанмен алымсызбып әйел болсам, күн – пұл жоқ қалыңсызбып» (Мәшһүр – Жүсіп, 79). «Мынауы да қалың мал беруге қожаны қызықтыра бастағанда қой бағып жүрген Төлек атай қойшыларға айтқан екен» (Мәшһүр – Жүсіп, 41). Міне осы мысалдардан кейін ғалым А.Тұрышев, С. Толыбеков, Т. Твертин және басқалардың «қалың, қалың мал» сөздеріне байланысты орыс тілінде жазылған түсініктерін келтіреді. Оның бұл арада бәрін келтірудің реті келмес, тек түркі тілдес халықтардың бі – разында бар екендігін Тұрышевтің және басқалардың пайымдауынша, «қалың, қалың мал» орыс тіліне сол тілдер арқылы енгенін айта кетелік. Енді ғалымның жасаған түйініне назар аударалық. «Көпеевте қалыңның екі қалың да, қалың мал түрі де қолданылған қалың (толстый) атауы қызға берілетін ақшаның мөлшерін анықтағанда қалым аталған».

Қалың (толстый) қалың малдың атына да ауысқан, былайша айтқанда алғашқының атын қабылдап алған қалың (метрологияға жатады) таза байлықтың, қанаудың әсерінен шыққан, кейіннен халықтың дәстүріне айналған. Қалың мал жиырма елу (елу – деп жүр – А. Қ) тоғыз сияқты сандармен де байланысты – делінген. Енді бірер сөз «Олік жонелту салтының терминологиялық жүйесі туралы», қара тігу: ол өлген адамның ақ сүйек, қара сүйек шығу тегіне байланысты тігілді. «Ас берілгенде Жәңке батырдың босағасына түйе бастатқан тоғыз байланысын және қаралы үйге шанышылған найзаны (жыл

толғанда) жылын бергенде жапақ сындырсын, бір ат, шапан жапақтың өз жолы болсын» (М. Ж. 70).

Айтмұхамбет Қасымбайұлының жазысына карағанда, кара тігу, кара салу, кара жамылу, сияқты ұғымдар жан – жақты сараланып этнографиялық тұрғыдан зерттелген. Тұрышевтің айтуынша, ғалым «кара тігу», қаралы үйге шашақты найза шаншу, ала ту тігу марқұмның «ақ сүйек», «кара сүйектің» белгісімен қатар барлығы мен байлығынан да хабардар ететін болған. Мәшһүр – Жүсіп,- дейді мұнан әрі ғалым,- кара тігудің түріне найза шаншуды жатқызған. Ал найзаны сындыру жылының толғанын, ас беруге камдану қажеттігін көрсетеді. Аталған монографиялар Мәшһүртанушылар-ға, студенттерге, бакалаврларға, магистрларына, этнолингвистика ғылымына қызығушылық танытқан зерттеушілерге арналған деп көрсетілген екен. Сонымен қатар тілі мен ділін, дінін тарихын танып білгісі келетін қалың оқырман да қолға алып оқыса, ұтпаса ұтылмас еді. Ол үшін кітаптардың таралымын арттыру қажет сынды.

III

Екінші бірі шежіреге ден қойып, пейіл танытқан кезең бұл. «Жеті атасын білмеген жетесіздіктің белгісі» -деп бірінен- бірі естіген мақалдарын қағып алып қарғдай қарқылдаған жұртты көргенде, «Шежіре» араб сөзі екендігі оны жинаумен Мәшһүр Жүсіптің он бес жасынан жинай бастаған деген дерек ойға оралады. А.Тұрышевтің жазуына карағанда, кейіннен елден естігенін толықтырып қайта жазған. Бұл тұралы Қуандық Назылұлы университетте Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 150 жылдығына орай өткен ғылыми- теориялық конференцияда Мәшһүр шығармалары бірнеше нұсқа боп келеді, өйткені кезінде Мәшекең ауыз әдебиеті үлгілерін жинағанда, бір адаммен шектелмей, бірнеше адамдармен сөйлесіп, олардың айтқандарын қағазға түсіріп отырған деген еді. Бұл Мәшекең жазып қалдырған өзге де ауыз әдебиеті нұсқауларымен қатар ол жинаған шежірелерге де тәп. Бір Бәсентиннің шежіресінің өзі 15- тен астам нұсқадан тұрады екен. «Мына мен, Мәшһүр Жүсіп Көпей баласы, осы сөзді жазып отырмын. Баксыдай бал ашып, түлкідей түс көріп, жауырын жағып құмалақ салып айтып отырғаным жоқ. Нұсқалардан көру мен кәрі құлақтан естумен өз білгенімді шамам келгенше қорытып, шындығындай айтып отырмын. Бұл қазақ деген кеше мен бүгін қойылған ат емес, заманнан –заманынан айтылып келе жатқан ат». Мәшекеңнен келтірілген осы дәйек адамды ойға шақырады

«заманнан – заманға» деген сөздің қатпарында сандаған ғасыр жатқан болар ма?! Жалпы қандай шежіре болсын ары кеткенде 30-35 атаға дейін барып, одан кейінгісі бұлдыр болатыны несі? Орынды сауал. Тек осы арада мынаны айтуға тиісіміз. Біздің қазіргі шежірені жинап бастырушылар 7 әрі кеткенде 17 атадан аса алмайды, өйткені дәйегі, дерегі жоқ. Кешегі кенес кезінде шежіреге шекесінен қарап отып он бойынан рушылдық пен ұлтшылдықтың нынанын көріп шошынған идеологтар шежіре айтқандардың аузын қарыған. Бұл бір. Екіншіден, кәрі құлақтар таусылған тұста кейінгі жастарға шежіре өткен күннің кәдеден пыққан керексіз әр жылдарда күнсіз дүниесі сынды көрінгені және шындық. Мәшһүр-Жүсіптің, Шәкәрімнің шежірелері жарық көруі жұрттың қалғи бастаған санасын оятып, енді ананың да – мынаның да шежіреші атапшысы, сойтіп өз руының туын көтергісі келгені хақ. Содан алғашқыда пышақтың қырындай, келе-келе кірпіштей шежіре кітаптары жарық көре бастады. «Шежіредегі айтылғанның бәрі дұрыс екен демеу керек. Ол да ауызша жеткен тарих» (А. Тұрышев). Айна қатесіз пікір бұл. Қате көп. Ең басты қателік өз атасын асырып өсіріп, өзге атаны тұқырту ниетімен, кейде білместіктен туындай жатады. Соның салдарынан баласынан әкесін тугызып жататын жайлар да аз емес. Ол да ауызша жеткен тарих екені талас тудырмайды. Олай болса, тарихқа қиянат жасау білместік емес пе! Негізгі арнамызға қайтып оралайық, Бәсентиіннің төртінші қатынынан тараған Сырымның пайда болуы турасында «Бәсентиін және бір сұлу қатын тауын алышты. Ол соңына ерген баласын күшігім», – депті. Сол қатынға үйленіп, кейінірек оның екіқабат екенін біліп, бұл қалай деп сұраса, бұл жанға айтпайтын сырым десе керек. Сол екеуінің бірінен күшік, екіншісінен Сырым тарапты. Сол Сырымнан – Танап, Абыз, Жабық, Мұрат, Жабықтан Болей (Болай), Самай; Болейден – Тілеу онан Өтебай; Самайдан – Сексенбай, Токсан, Досым; Токсаннан – Қара; Досымнан – Төлебай, мұнан – Нарынбай, мұнан – Тәуірбай (Науырзбай), мұнан – Ыбырай, мұнан – Қыстаубай; Мұраттан – Дөнен, Сегізбай, Сасық, Бестібай, Теңізбай, Алғыбай. Міне осылай жалғасып кете барады. Мәтінде Сырымнан Танап абыз деп көрсетілген қатар санының бір болып белгіленуіне, тыныс белгісі қойылмауына, екінші атаудың бас әріппен басталмауына қарағанда Танап абыз – бір ата ма? «Қазақ шежіресінен» алынып берілген осы мәтіндегі абыз – біздің арғы аталармыздың бірі. Одан Апар тарайды десетін кәриялар. Сонан соң Жабықтан – Бөлей (Болай) делінген дұрысы «Бұлай» болса керек. «Бұлай бұжыр» дейтін ақсақалдар, соның – Бұжыры бұл тізімге

ілікпеген. «Сан есімнен болған антропонимдер- Сексенбай, Токсан, Дөнен (Төрт а.к.) Бесті+бай, Алты+бай, Сыр+ым, Дос+ым -ым қосымшасы арқылы жасалған ономотолив, сол сияқты Ғалымбай қосымшасы арқылы жасалған Өте+бай, Нарым+бай т.б. мысалдар келтіре отырып, ономология мен ономотология әртүрлі сөз таптарында жасалағынына назар аудартады. Мұның бәрі келешегін алдан күткен, ізденіп талаптанушы жастар үшін құнды дүние екені талассыз. Иә, Бәсентиін шежіресінің оныңшы нұсқасында Абыздың шын аты –Баубек, Токсаннан-Қара «Қысырау Қара» атанады; Сырым - Өбде батыр баласы деген сияқты қосымшалар бар (А.Қ.). Шежіре жөнінде сөз қозғай отырып, қазақтың көрнекті шежірешілерінің бірі Мәшекеннің түйдей құрдасы- Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы қалам тербен, ой қозғамағанымыз жөн болмас. «Ағартушылықпен қоса-қабат ізденіш Шәкәрім ғылым жолына да өзіне тән қайсар мінезбен, өзгенің бәрін серпе тұрып, құлшына түскен болатын. Қазақ тарихын зерделеген шежіре кітабы міне осының татымды жемісі», - деп атап көрсетеді философия ғылымдарының кандидаты Асан Омаров (Ақын Шәкәрім ел ағарту ариасында). Сол еңбектің келесі бір тұсында Шәкәрім тарих ғылымы мен шежірені жасынан сүйген адам. Ол бір әңгімесінде: «Абай қазақ шежіресін жаз деп, он тоғыз жасымнан жинай бастадым», -дейді мұнан әрі (А.О.). Оның 25жасында «Қазақтың түп атасы» деген тарихи туындысын өлеңмен жазғанын айтады.

Жазғанда мақсатым көп менің тағы,
Қазақтың қараңғы еді артқы жағы.
Мұны оқып ата жөніп білген қазақ,
Артымнан дұға қылсып дедім дағы.
Құр шежіре деменіз мұпын өзін
Ойлаңыз гибрат алып әрбір сөзін.

Қос ғұлама Мәшһүр Жүсіп пен Шәкәрімнің ой үндестігі, мақсат бірлігі бұл тұста да айқын аңғарылады. «Мағал көкпен Жебірейіл періште уахи келтірген жоқ. Қағаз жүзінде жазылған қазақта шежіре нұсқа жоқ, естіген құлақта жазық жоқ», - деген екен Мәшекен. Ол кісіден асырып айтар білімді бізге кім беріпті. Ұлы ғалымның артында қалған бай мұрасын, шежіресін оқып, толысып азды –кем пікір білдіргенімізге Аллаға шүкіршілік ете отырып, профессор А.Қ. Тұрышевқа жазарыңыз азаймасын, қаламыңыз татмасын, оқырмандарыңызды ойлы да құнды туындыларыңызбен қуанта беріңіз дегіміз келеді.

3.2 Көзқарас тұтастығы.

Профессор А.К. Тұрышев Мәшһүр Жүсіп шығармаларының тілінің әдеби тіл тарихына алатын орны туралы айта келіп, оның Дулат, Абай шығармалары тілімен ұштасып жатқанын, Шәкәрім мен рухани үндестігі туралы сөз қозғайды. Әсіресе діни тақырыптағы жазған шығармаларындағы сабақтастығына ерекше назар аударады. «Сөзді сөз, ойды ой қозғайды» дегендей аттары аталған ақындар тек діни тақырыптан шектеліп қана қоймай, сол кездегі қазақ қоғамында орын алып отырған жайларды жырлауда бірімен - бірі үндестік, сабақтастық танытады. Мәселен, Абай:

Сұм дүние топап жатыр, ісің бар ма?
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?
Алды- үміт, арты- өкініш, алдашы өмір,
Желігің жерге жықпас кісің бар ма? – деп.

Мәшһүр Жүсіп:

Бар болсам да, дүниеде болдым жоқтай,
Сөйлейтүгүн сөзімнен тоқтай – тоқтай,
... Қайда тойса қарны, сонда тоқтап,
Егіншінің өгізі болып жүрген – дейді.

Екі ақында өткен өмірлеріне өкініш етеді: Абай алдамшы өмірге желігің жерге жықпас кісің бар ма деп сауал тастаса, Мәшһүр бар болсамда дүниеде болдым жоқтай – деп өзегін өртеген күйінішін қайда тойса қарны сонда тоқтап, егіншінің өгізі болуға айналған бейшара жанның жан – сырымен түйіндейді.

Шәкәрімнің дүние, алдамшы өмірге деген көзқарасы Абай мен Мәшһүрге карағанда ерекше. «Дүние мен өмір атты» өлеңінде

Білімділер насихат көп жазады,
Адам үшін уайым жеп жазады.
Байқап оқып отырсам, соның бәрі.

Дүниені «сұм алдамшы» деп жазады. – дей келіп, Өзіңіз де тіршілікте рахатпен қатар бейнет кешкенің, кейде асып, кейде қанып, кейде сасып, күресе жүріп, жалғанның қақпайына қонбегенің, қарсы жалдап, қайрандаса да қайрат көтсеткенің баяндайды. Тіпті осы тұста ақын ағынан жарылып,

Менде сокқы жедім – деп сұм дүниелен,
Көп жазып ем оңыма өкіндім мен.
Ойласам, көрген бейнет, тартқан қайғы,

Болыпты не біреуден не өзімнен – осы арада рахат та, бейнет те Алладан деген тұжырым ойға оралады, оған ақынның:

Дүниенің ол туралы жазасы жоқ,
Біз сөкті деп тоқтай ма Алла атқан оқ ...
Кімде – кім қайғы тартып бейнет көрсе,
Сұм жалғанның қылғаны бұл дей берсе.
Әлбетте, бұл – тағдырға наразылық,
Түбі Аллаға қарсылық, ондайға ерсе.

дей келіп, дүниені жамандатып, бәрін баскадан көруге
үйретушінің атын атап, түсін түстейді, ол – білімсіз шала молла.

Сол кезең үшін ішкі ресейден қазақ қырына ағыл – тегіл
қоныс аударған қара шекпендер әкелген қасірет елдің еңсесін езгендей
еді. Күні кеше жаз жайлау, қыс қыстауына емін еркін көшіп жүретін
қазақ жұрты бауыр басқан жайлауы мен қыстауынан айрылып,
кұнарсыз құлазыған жерге көшуге мәжбүр көкіретіне мұң ұялап,
көзіне жас іркілген қазақ қауымының сол сұрықсыз кезеңін былай
суреттейді.

Қазақтың қайсының бар санасы?
Қылт етерде дап – дайын бір жаласы.
Пысықтықтың белгісі арыз беру,
Жоқ тұрса бес бересі, алғы аласы.

Дегенмен, біздің қазақ бодандығына ХІХ ғасырдағы қазақтың
аса көрнекті, ірі ақындарының бірі Дулат Бабатайұлының қозқарасына
азды- көпті тоқтала кеткеніміз жөн болар. Ақын:

Малыңды салып талауға,
Адамын хаттап санауда.
Оразың түсіп қамауға...
Арақты балдай татқаның,
Күнәға белден батқаның.
... Мал- мүлкіңнен айрылып,

Луа кошпін барасың – деп бодандықтың басқа бір
әлеуметтік қырынан келеді. Өйткені бейбіт берекелі күндерді аңсап:

Ебі кеткен ел болды,

Енді қайда мен барам – деп шарасыздыққа салыналы.

Ігі жақсылары кеткен елдің енді «іс болын» түзелетініне шүбәланады.

Мәшһүр Жүсіптің:

Түзелер қашан жұрт боп мына қазақ,
Қылмаған кім бар дейсің бізді мазак...

деген шумақтары.

Дулаттың пікірі аяқты бір баса алмай емін – еркін мен іштей
үндесіп, жатқандай өтті ғой ит қорлықпен өмір шіркін. жүргенбіз олін
қалмай не ғын шыдап, қарашы күдеріндей жанның беркін деген
Мәшһүр, Дулат:

Алпыс екі тамырып,
Қаңсып қалған сықылды - деп
Ұлық қысса ұлықты,
Ұласып нендей былықты.
Атқа мінер ауылда,
Итше ілініп ылықты.
Орыстың көрсе ұлығып,
Қыздандағы қылықты.
Ұлық кетсе қазаққа,
Қорқау қасқыр құлықты-деп үн қосады.

Осы арада сөз астарына үңілер болсақ, Мәшһүр оқырманына «жүргенбіз өліп қалмай не ғып шыдап» деп сауал тастаса Дулат ашыс екі тамырың қаңсып қалған сықылды - деп мұң шағып өз әужайып аңғарту арқылы заман ауыртпалығын астарлы бейнелейді. Мәшһүр өтірік, ұрлықтың, әлімжеттік озбырлықтың өрттей өршіп тұрғанын, өмір, жастық жылаумен өтін жатқанын айтады. Өз көңіл күйлерін ақ қағазға түсіру арқылы, елдің мұнын мұңдап, жоғын жоқтайды. Солардың бірі-Шәкәрім...

Қазақтың жаманы болмас,
Жаманнан аман болмас,
Бірігіп іс қылатын,

Түзелер заманы болмас – деп түңіле сөйлейді. Өйткені жуанының қылғаны зорлық екен, момынының көргені қорлық екен, бұған қулық пен ұрлық қабаттасып, елдің сиқын алып, күтын қашырған. Сол Шәкәрім келесі бір «Қазақ» атты өлеңінде «Қайран елім, қазағым, қалың жұртым көп айтып а дариға не қылмайын» дейді, жалпы қазақ сөзі Дулатта да, Абайда да, Шәкәрімде де баршылық, Мәшһүр Жүсіпте де ұшырасады. Дулат «Қайран қазақ қайтейін», Абай «Қалың елім қазағым, қайран жұртым» десе, Мәшһүр Жүсіп қор болған біздің қазақ қалы жетпей деп гүжырады. Сол елді нағандық күрсауынан, жарық күнге алып шығып, теңдікке, әділдікке қолын жеткізетін оқу- білім деп біледі.

Абай: Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз ...
Нағандарға бой берме,
Шын сөзбенен өлеңіз – десе

Шәкәрімнің:

Кел, байлар балаңды оқыт, ғылым ізде,
Қазақты бастайтұғын қару сізде.
Партияға шапқанша осыған сал,
Қолыңда қорегің бар кезінде,

Білгіштер білімінді өнерге сал.
Жарты өмір жалғыз күндік болмайды жол,
Тілеің тілін безен қу атанбай.
Ғылым білсең, табасын қадыр мен мал.

Мәшһүр Жүсіптің:

Ғизатлұ, уа құрметлі Арышгазы,
Жігіттің үйде жатқан өнерпазы.
Жолында ғылым, білім өтсін өмір,
Алданбай бос жұмыспен қысы - жазы.
Жолына кеттің түсіп ғылым-білім
Болат-деп қандай күйде жұртым, елім

Мысалға келтірілген осы елең жолдарынан айқын көруге болады. Абай надандыққа бой берме десе, Шәкәрім байларды партияға шапқанша, балаларды оқытуға шап десе, Мәшһүр Жүсіп оқуда жүрген Арышгазыға жазған хатында жолында ғылым, білім өтсін өмір деп оны жігерлендіре дем бере сөйлейді.

IV

Қазақтың басқа ақындары сияқты Абай да, Мәшһүр Жүсіп те қарттық мәселесін сөз етеді. Тақырыпқа тамыздық болған ой - өрнектері бірін - бірі байытып, дамытып отырғаны байқалады. Мәшһүр:

Көре алмай жарық сәуле танда көзім,
Қартайдым қараңғылық тұманда өзім, - десе

Абай:

Қартайдық қайғы ойладық,
Үйкі сергек,
Ашуың - ашыған у, ойың кермек - деп жан сырғын

жайып салады.

Өткен күн, жасаған жас бәрі аман бол,
Артымда бес-алты ауыз қалсын сөзім.
Асқынды болып жара жауырларым.
Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым,
Бірлік қыл, басыңды қос, пайданды ойла.
Қазағым, қайран халқым, бауырларым!
Халық қылыш атандырды бізді қазақ.
Іргелі көп жұрт емес, өзі де аз-ақ
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз.
Барасың көрінгенге болып мазак.
Береке кетпес пейіл асыңда тұр.

Үлгі алсан, үйретуші қасыңда тұр.

Далаға білмей өзің қанғырасың,

Құдайдың жақсылығы қасыңда тұр-десе

Абай: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінде өткен өмірдің қайта оралмасын, басқан ізін, көрген қызығының көрген түстей өте шыққанына өкініш білдіріп,

Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,

Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек.

Арамдыктан жамандық көрмей қалмас,

Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.

деп өмірдің өтпелі екендігін мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек-деу арқылы астарлап жеткізеді. Мәшекең ынтымақ-бірліктің болмауынан көріпгенге мазақ болып жүргендеріне назаланады. Екі ақын да құдайды ауызға алады. Мәшекең «Құдайдың жақсылығын көтере алмай» деп сын айта отырып, құдайдың жақсылығы басында тұр - деп сол жақсылықтың бастау көзін санамалап жырға қосады.

Сенде тұр жылқы мен кой, сиыр, түйе,

Бұлақтай саулап тұрған сүтті бие.

Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,

Басыңа малын менен әркім ие.

Абай: Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек дей келіп,

Адамзат тірлікті дәулет білмек,

Ақыл тапсақ, мал тапсақ, адал жүрсек.

Адамзат, Алланың өлшеусіз сыйын, сарқылмас дәулетін танып, ақыл менен іс қылып, адал мал табудың қажет екенін алға тартады. Тек:

Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезің,

Не қорлық, құр қылжақпен күн өткізбек – деп саулап тастай отырып, өмірден өз орнын тауып, ынтымақты болуға үндейді.

... Он тоғызыншы ғасырдың төлі Дулат Бабатайұлы онан кейінгі жерде Абай Құнанбайұлы, өзінің түйдей құрдасы Шәкәрім Құдайбердіұлымен шығармаларындағы рухани үндестік, көзқарас тұтастығы дегенде әуез ғыл айтарымыз осы жайлар еді.

3.3 Мәшһүр Жүсіптің 150 жылдығына арналған ақындар айтысынан соң туындаған ойлар

Екі күн Павлодар қаласындағы “Шаңырақ ” мәдени орталығында ту көтеріп көрермендер көзайымына айналған ақындар айтысы Мәшекеңнің мәңгілік тұрағы “Ескелдіде ” одан әрі жалғасты. Ақтық айтыстан әркім- ақ үлкен үміт күткен болар. Өткен күні де Мәшекеңнің ұлы тұлғасын өз дәрежесіне өлеңмен өрнектей алмаған оның әулиелігіне, философиясын, дін танушылығына еңдей ене алмақ түгіл ақындығы мен тарихшылығын қазақтың ауыз әдебиетін жинаудағы жан қиярлық еңбегін жеріне жеткізе жырлауға дәрмендері жете алмаған. Бірінен соң бірі Мәшекең ұлы бабамыз, әулие деуден әрі аса алмаған. Тәңірім- ау, мұны екінің бірі біледі ғой! Тек соны айту үшін ғана Алматыдан, Астанадан, Семейден, Қарағандыдан ат арытып келудің қисыны қайсы. Әлде... пәленше айтыс ақынны екен, Мәшекеңнің мерейлі мерекесінде айтысыпты деген арзан атаққа құштарлық па?! Бәлкім, о да жоқ емес шығар. Әйтсе де мәселені жан- жақты қарастырған жөн болар. Иә, кең байтақ республикамыздың әр оңірінде ақындардың, билердің, хандардың, батырлардың, Алаш ардақтыларының мерейтойлары өтіп жатады. Мәшекеңнің мерейтойын жырға қосуға келген 24 ақынның кейбірі аталған айтыстарға қатысып, қанжығаларын да майлап жүр. Тәжірибе де жинақтаған. Тек сол тәжірибелері бұл арада аздық етті. Өйткені Мәшһүр Жүсіптің бір басына топтасқан жоғарыда айтылып өткен қасиеттерін жарқырата айтып, шабыттана, шамырқана жырлау үшін білу қажет қой. Осы орайда Қазақстан Жазушылар Одағы төрағасының бірінші орынбасары, ақын, республикалық ақындар айтысы әділ қазылар алқасының төрағасы Ғалым Жайлыбай өзінің Павлодар облыстық “Сарыарқа самалы” газетіне берген сұхбатында: “Өкінішке қарай, жас айтыскерлердің көпшілігі айтысқа дайындықсыз келеді. Әдеби кітап түгілі, күнделікті ақпарат құралдарын оқымайды. Сөз саптауларынан бірден аңғарылады ” деген екен. Талас тудырмайтын орнықты пікір.

“Өзі үріккелі тұрған түйеге “тәйт ” деген соң не жорық” демекші оқуға, білуге деген құштарлықтары онсыз да пәс жас ақындардың көпшілігінің Мәшекең шығармаларын кітапханалардан күндіз- шаммен іздеп, таба алмай таулары шағылған болар, өйткені “Мәшһүр- Жүсіп” атты ақынның көп томдығының алғашқы томы Павлодардағы “Эко” баспасынан 2005 жылы жарық көрді. Күні бүгінге дейін II томы оқырмандар қолына тиді. Әр томының таралымы 1000 дана. Кімге жетпек? Тіпті, басқаны былай қойғанда Керекулік көпшілік кітапханаларда, білім ошақтарындағы кітапханалардың барында бар, жоғында жоқ. Бұл бір мәселе. Екінші,

ең басты мәселе ақындардың ынта – жігеріне келіп тіреледі. Оқимын, білемін деген адам қайтсе де бір амалын таппақ. Сол ықылас, ынта жағы... пәс пе қалай. Мәселен, осы айтысқа қатысқан Керекулік б айтыс ақыны Асхат Тұрғанбековтан басқасы ақынның кітаптары, тағы да басқа дерек көздері қолдарында бола тұра ақын бабаларын тыңдаған жұрт ләззат алардай әдемі жырлай алмады. Көсіле шабар тұста, текіректеп, шешіле сөйлер тұста кібірткітеп, берекелері кетті.

Ол аз десеңіз, сенім артқан “азулы ” ақындарымыздың бірі Мәшекеннің бір Аллаға құлшылық етіп, исләм дінінен қол үзбегенін, Әбу Насыр әл- Фараби, Ахмет Иассауиден кейін қазақ топырағында исләм дінінің ірі насихатшысы, сол тақырыпта жауһар жыр төккен жыршысы болғанын естен шығарып, мен “Алланы айтып бұлғанбаймын” деп салды. Сонда... айтуға ақынның аруағынан айбынасын. Бір өкініштісі, дөрекілік- дөкірлік сөзге конақ бермеу бұл жолы да әр тұстан мен мұңдалаумен болды. «Домалақ» өзің сарысың, көзің көк, көршің орыс”... түбірлемей- ақ қояйық. Анайылық дегенің осы енді. Айтысты жүргізушінің “уақыты бітті” дегенін құлаққа ілмей, сахнаға желімше жабысып, ауызына келгенді ақтарушыларда кездесті. Мұндайда “тақырып” далада калып, ұйқас, көркемдік ой көзден бұлбұл ұшады. Осындайда осылардың суырып салмалығы қай дәрежеде, тіпті, кейбірін айтыс ақыны деуге келе ме өзі деген күмәнді ой қылаң береді, жеңіл әзіл, желөкпе сезім. Жұртты мезі етті. Сол тұста Мәдениет және ақпарат министрі М. Құл-Мұхамед мырзаның айтыс ақындарына табыс тілей отырып: “ Ұлы адамның басында ұлағатты сөз айтындар ”,- деуі көп жайды аңғартып, айтыс ақындарына ой салса керек- ті.

Айтыс барысында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухын ұлықтау бағытында елімізде сан алуан игілікті шаралар жүзеге асырылып жатқанын көріп- біліп, қанағат сезіміне бөлендім. Дегенмен, токмейілуге орын жоқ. Мәшһүрді қалың жұртшылыққа жеткізе насихаттауға әлі де әлтеген- ай дегізер тұстар жетерлік. Соның, ең бастылары, “Мәшһүр Жүсіп” көп томдығының таралымын еселеп арттыру. Ертеректе түсірілген Мәшекең туралы деректі фильмді бүгінгі көзқарас тұрғысынан қайтадан түсіру, “Мәшһүр” әдеби-танымдық журналын шығаруды қолға алу. Мүшәйра , ақындар айтысын мүмкіндігінше өткізіп тұру.

“Атымды “Мәшһүр” деген үш жүз білді,
Дүниеде бұдан артық не табасың ”,

- деп өткен екен ұлы бабамыз. Осы жолдарда өзің адам етіп жаратқан бір Аллаға риясыз көңілден ризашылығы айқын аңғарылады. Үш жүз білген Мәшһүр есімін ұлықтап, ұрпақ санасына жеткізу әр азаматтың парызы деп білеміз.

Мазмұны

Алғы сөз.....	3
1. Ұлысын ұлықтаған ел жүрегі.....	4
1.1 Бірер сөз.....	4
1.2 Нартәуекел еткен еді.....	6
1.3 Жанашыр.....	10
2 Сөзін оқып ұриағы елжіреді.....	15
2.1 Абай мен Мәшһүр Жүсіптің партияға көзқарасы.....	15
2.2 «Айрылған біздің қазақ Есілінен».....	17
2.3 Өнегелі ойға толы туындылар.....	20
2.4 Қылмаймын бармадым деп қажыны арман.....	22
2.5 Ұлының ұлылығын ұлықтау.....	28
2.6 Қасиеті туралы.....	30
2.7 Мұрашы сақтау мұраты болған.....	32
2.8 Адам сол.....	34
2.9 Нандың ба көріп мұны көзіңменен.....	36
2.10 Ақсакалы айтысатын қызбенен.....	38
2.11«Ашылмас оқымасаң көз бен қабак».....	42
3 Асыл мұра ту болып желбіреді.....	44
3.1 Ұтпаса ұтылмас еді.....	44
3.2 Көзқарас тұтастығы.....	53
3.3 М. Жүсіптің 150 жылдығына арналған ақындар айтысынан туындаған ойлар.....	58

С. Баязитов

МӘШҰРТАНУ ӨРІСІ

Оқу құралы

Техникалық редактор Г.Н. Сейтахметова
Жауапты хатшы А.Т. Сулейменова

Басуға 16.11.2009 ж.

Өріп түрі Times.

Пішім 29,7 x 42 ¼. Офсеттік қағаз.

Шартты баспа табағы 2,85 Таралымы 100 дана

Тапсырыс № 1068

«КЕРЕКУ» баспасы

С.Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64

6

1